

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы. Білім беру ұйымы «Родничок» бөбекжайы
Топ: «Күншуақ» ортаңғы топ. Балалар жасы: 3- жастағы балалар
Жоспардың құрылу кезеңі: Қыркүйек айы -2023 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма 1.09.23 ж
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сәлемдесуді пысықтау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту (коммуникативті дағдыларды дамыту).				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу.				
Балалардың дербес іс-әрекеті (баяуқимылды үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және т. б. іс-әрекеттер)	Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу. Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары (пазлдар, домино). (коммуникативтік дағдыларды дамыту) Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарау.(шығармашылық іс-әрекеті)				
Таңертенгі жаттығу	Ертеңгілік жаттығулар кешені: Мақсаты: саусақ гимнастикасын қолдана отырып, дене жаттығуларын орындауға қызығушылықтарын қалыптастыру. саптағы өз орнын таба білуге үйрету.Саптан шығып кетпей, бағытын сақтай отырып жаяу жүруді үйретуді бекіту.Спортзалда жаттығуға тәрбиелеу, кеңістікте бағдарын айқындауға үйрету				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету.Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық					Білім күні Білім күніне арналған таза ауадағы мерекелік концерт. Балалардың бірге ән айтып би билеуін ұйымдастыру. (қарым-қатынас іс әрекеті) Балалардың еркін ойындары. (дене белсенділігі), Ауа райы: күн әсері мен шуағына бақылау жасау (бейнелеу іс - әрекеті)

Ұйымдастырылған іс-әрекет					Балабақшамен және топпен танысу. Кітаптарды серуенге алып шығып, тамашалап тақпақтар жаттау (коммуникативтік дағдыларды дамыту) Табиғат: Балабақша аймағын аралап, балабақшада өсетін көкөністерді тамашалау, атау, санау. (танымдық іс-әрекет) Қимылды ойын «Кім жылдам»
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық - ойын жабдықтары мен спорттық құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Карточка №1 Күздің алғашқы белгілерін бақылау Мақсаты: Жыл мезгілдерінің өзгеруі туралы түсініктерін молайту; Күздің алғашқы белгілері туралы түсініктерін қалыптастыру. Еңбек: Ойын алаңындағы жапырақтарды жинау. Мақсаты: орындалған жұмыс нәтижесін көріп қуануға үйрету; экологиялық мәдениеттерін тәрбиелеу. Қимылды ойын «Қуып жет». Мақсаты: Тез жүкіруге, ептілікке жаттықтыру. Жаттығу ойындары Бөрене үстімен жүру Мақсаты: Тепе-теңдікті сақтауға жаттықтыру Мақал: Күз байлығы-ел ырысы.				
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).				
Түскі ас	Түскі асалдында гигиеналық шараларды орындау: қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою) Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану, сөйлеспеу, алғыс айту) (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті) Ереже: Тамақ ішер кезде енді, Сөйлемейміз күлмейміз. Астан басқа өзгені, Елемейміз, білмейміз. (коммуникативтік дағдыларды дамыту)				
Күндізгі ұйқы	Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Түлкі мен қоян ертегісін оқып беру (көркем әрекет)				
Біртіндеп ұйқыдан	Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру.				

ояту, сауықтыру шаралары	(дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету.(мәдени-гигиеналық дағдылар).	
Бесін ас	Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау) Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)	
Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды үстел ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және т.б.әрекеттер)	Балалардың қалауы бойынша орталықтарда жұмыс. Отбасы мүшелерінің мектептегі білім күні мерекесіне қалай дайындалғандары туралы әңгімелесу.(коммуникативтік дағдыларды дамыту).Еркін тақырыпта шығармашылық (Сурет салу, жапсыру, мүсіндеу) іс әрекеттерін балалардың қалауы бойынша ұйымдастыру	Психологиялық ойын «Өз күлкіңмен бөліс» Балалардың қалауы бойынша құрастыру материалдарынан балабақша, мектеп құрастыру. (шығармашылық іс-әрекеті) Кітаптардың пішінін атау, салмағын анықтау, ауыр жеңілін, үлкен кішісін топтастыру (танымдымдық іс әрекеті)
Балалармен жеке жұмыс	Әңгімелесу, дидактикалық ойындар, дыбыстық сөйлеу мәдениеті, байланыстырып сөйлеу, бейнелеу өнері арқылы шығармашылық қабілеттерін дамыту.(коммуникативті әрекет, шығармашылық белсенділік, танымдық белсенділік). Санжар, Амина, Нина.	«Біз бақытты балалар». Мақсаты: Мерекелік көңіл-күй орнату балалардың мектеп туралы түсініктерін кеңейту, мектеп құралдарымен таныстыру. Д/ойын; «Түрлі түстер» Мақсаты: Балаларға ойын арқылы түстерді заттарды айыра білуге үйрету. Хансулу, Архат, Абдурахман.
Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).	
Серуен	Күздің алғашқы белгілерін бақылау Мақсаты: Жыл мезгілдерінің өзгеруі туралы түсініктерін молайту; Күздің алғашқы белгілері туралы түсініктерін қалыптастыру. Еңбек: Ойын алаңындағы жапырақтарды жинау. Мақсаты:орындалған жұмыс нәтижесін көріп қуануға үйрету; экологиялық мәдениеттерін тәрбиелеу. Қимылды ойын «Қуып жет». Мақсаты: Тез жүгіруге, ептілікке жаттықтыру. Жаттығу ойындары Бөрене үстімен жүру Мақсаты: Тепе-теңдікті сақтауға жаттықтыру Мақал: Күз байлығы-ел ырысы. Ауа-райының құбылыстары мен табиғат объектілерін бақылау (танымдық және зертеушілік әрекеттер), әңгімелесу(коммуникативті әрекет), спорттық, қимылды және ұлттық ойындар (дене белсенділігі, еңбек қызметі).	
Балалардың үйіне қайтуы	Ата-аналарға баланың денсаулығын сақтау жөнінде кеңес беру	

Әдіскер:



Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы
Қыркүйек айы 2023жыл 1 апта

Күн тәртібі	Дүйсенбі 4.09.2023	Сейсенбі 5.09.2023	Сәрсенбі 6.09.2023	Бейсенбі 07.09.2023	Жұма 08.09.2023
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сәлемдесуді пысықтау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту (коммуникативті дағдыларды дамыту).				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу				
Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа іс-әрекеттер)	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. Пазлдармен үстел -үсті ойыны. (коммуникативтік дағдыларды дамыту) «Кішкентай көмекшілер» ойыны Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарау. (шығармашылық іс-әрекеті) Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау) Балармен жеке жұмыс.				
Таңертенгі жаттығу	Ертеңгілік жаттығулар кешені: (1 – 15 қыркүйек аралығы) № 1 жаттығулар кешені. Мақсаты: саусақ гимнастикасын қолдана отырып, дене жаттығуларын орындауға қызығушылықтарын қалыптастыру. саптағы өз орнын таба білуге үйрету. Саптан шығып кетпей, бағытын сақтай отырып жаяу жүруді үйретуді бекіту. Спорт залда жаттығуға тәрбиелеу, кеңістікте бағдарын айқындауға үйрету (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру. Аумин десең маған, Алтыннан-жаған, Күмістен таған Оң жағыңнан кетпесін, Тілеуің қабыл, Мұратың асыл болсын, Аумин(коммуникативті дағдыларды дамыту).				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	«Сиқырлы қап» Мақсаты: Балаларға дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету, заттарды тануға баулу. Ойын барысы: Тәрбиеші балаларға таныс ойыншықтар мен заттарды жәшікке жинайды. Балаларға менде бір сиқырлы дорба бар онда не	«Қай жерде шырылдады?» Мақсаты: Дыбыстың қай жерден шыққанын анықтау. Алдын-ала дайындық жұмысы: қоңыраушаны дайындайды. Балалардың ішінен жүргізушіні	«Вагондарға дөңгелек таңдау» Ойынның мақсаты: геометриялық пішіндерді ажыратуға, қасиеттерін білуге жаттықтыру, ойлау қабілетін дамыту. Ойынның құрал-	« Жұбын тап» Мақсаты: геометриялық пішіндерді ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру; білімдерін бекіту, ойлау қабілеттерін дамыту. әртүрлі ретте орналасқан геометриялық пішіндердің суреттері.	«Қандай пішін жетіспейді?» Мақсаты: Геометриялық пішіндерді атай білуге үйрету. Қай пішін жетіспейтінін тапқызу. Көрнекілік: Геометриялық пішіндер. (Қораптан алу) Барысы: Тақтаға

	бар екен дейді. Көне көрейік! Бір ойыншықты алып шығып, мынау не дейді? Балалар заттың атын атайды. Кейін жұмбақтарды шешуге болады.	тағайындайды. Балалар шеңбер бойымен отырады, жүргізуші ортаға шығып көзін жұмады. Тәрбиеші бір балаға қоңыраушаны береді, бала көзін ашпай қай жақтан шыққанын қолымен нұқсайды. Егер бала дұрыс таппаса, онда екінші рет ойнап отырады. Сосын келесі бала шығады.	жабдықтары: қағазға салынған вагондар, әртүрлі геометриялық пішіндер. Ойынның мазмұны: Балалар вагондарға лайық дөңгелектерді әртүрлі пішіндердің ішінен табады	Балаларға геометриялық пішіндер орналасқан суреттерді тарату. Үлгі ретінде бір суретті көрсетіп, дәл осындай суреттің жұбын табуды ұсыну. Суреттердің дұрыстығын тексеру үшін оларды салыстыру	геометриялық пішіндер қойылады. Балаларға көздерінді жұмындар деп, бір пішінді алып қояды. Балалар қай пішін жетіспейтінін табады.
Ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру Негізгі қимылдар: бір қатарға сапқа тұру. Сап түзеп бір қатармен жаяу жүру. Мақсаты: саусақ гимнастикасын қолдана отырып, дене жаттығуларын орындауға қызығушылықтарын қалыптастыру. Міндеттер: саптағы өз орнын таба білуге үйрету. Саптан шығып кетпей, бағытын сақтай отырып жаяу жүруді үйретуді бекіту. Спортзалда жаттығуға тәрбиелеу, кеңістікте бағдарын айқындауға үйрету, зейінін дамыту. Салауатты өмір сүруге дайындау. Ойын: «Маған қарай жүгір». Мақсаты: тікелей Бағытта жүгіруге жаттықтыру, зейінін дамыту. Ойын жаттығу: Қазақ тілі. Д\о: «Қандай ағаштың жемісі?» (Педагогтің жетек. жүрг. ойын) Мақсаты: Жеміс ағаштарын айыра біледі, бір-екі сөзден құралған сөйлеммен әңгіме құрап сөйлей алады. Шарты: Әр жемісті сәйкес	Музыка Міндетті: Музыканы тыңдау оның дыбысталуындағы қарама-қарсы ерекшеліктерін ажыратуға бейімдеу. Билингвальный компонент: сәлеметсіз бе - здравствуйте, эн - песня, жақсы – хорошо Танертеңгі жаттығу. 1. Балалар музыка залына қолдарына жалауша алып көңілді маршпен кіреді. Атша шабуға үйрету, оң аяқ алда, сол аяқ оң аяқты қуатынын түсіндіру. Қимылмен көрсету. Аттың шабысын салып жүгірту. 2. Музыка тыңдау: «Құлыншақ» муз. Қ Шілдебаев. Сөзі. И Сапарбай 3. Ән айту. «Мерекелік ән мен би» Әннің мәтінін үйрету. Өнде мереке жайлы айтылып отыр. Көк аспандай көкпеңбек жалаушаларды әнге қосып айту. Мерекеді көңіл күй қандай болады? Жалауларды қалай бұлғаймыз? 4. Музыкалық-ырғақты қимыл: Яғни оңға, солға бұлғауға болады. Әннің шумағын үйреніп болған	Қазақ тілі Міндеті: Ойыншықтардың атауларын, қарапайым шағын мәтіндерді, тыңдайды, жатқа айтады. Сыни ойлау: Ойыншықтарды қалай күтеміз? Д\о: «Қуырмаш» Мақсаты: Қазақтың ұлттық ойындарын меңгерген, шағын мәтіндерді тыңдап, айта алады. Шарты: Ойыншықтар немесе слайдтық презентация, суреттер арқылы ойыншықтардың суреттері үстел үстіне, тақтаға ілініп көрсетіледі. Қуырмаш ойынының сөзің хормен қайталай отырып, саусақтарды біртіндеп ашып ойыншықтарды атайды.	Дене шынықтыру Негізгі қимылдар: шеңбер құрып сапқа тұру. Сапқа тұрып берілген белгі бойынша тоқтап, бір қатармен жаяу жүру. Мақсаты: денсаулық сақтау технологиясын және ойын және тыныс алу гимнастикасын қолдану арқылы балалардың дене шынықтыру жаттығуларын орындауға қызығушылығын қалыптастыру және қызығушылығын дамыту. Міндеттері: сапта бағытты сақтай отырып жүруді үйрету, педагогтің берген белгісі бойынша тоқтауды үйренуді қалыптастыру. Шеңбер бойына сапқа тұруды үйретіп, оны бекіту, өз іс-әрекетін басқа балалардың іс-әрекетімен сәйкестендіре білу. Зейінін дамыту, кеңістікте бағдарын айқындауға үйрету, жинақылыққа тәрбиелеу, спортзалда өтетін жаттығуларға сергек көңіл күй, оң көзқарас қалыптастыру. Ойын: «Ең жылдам». Мақсаты: тікелей бағытта жүгіруге үйрету, жылдамдықты	Дене шынықтыру Негізгі қимылдар: сапқа бір қатар болып тұру, сапта бір қатармен жүру және жүгіру. Тепе-теңдікті сақтап қуыршақты қолда ұстап, баспалдақпен төбешікке (горка) көтерілу, тұтқаларынан ұстамай, төмен қарай отырып сырғанау. ойын тапсырмалары бойынша қуыршақтарды қолдану арқылы сапқа бір қатарға тұра білуді бекіту. Қуыршақты құшақтай жүріп, қырға баспалдақпен көтерілгенде және төмен қарай сырғанағанда тепе-теңдікті сақтай білуді үйрету. Ептілікті, қозғалыс үйлесімділігін дамыту, ойыншақтарға ұқыпты қарауға тәрбиелеу, денешынықтыру сабағына қызығушылықты арттыру. Ойын: «Күлие нан». Мақсаты: шеңбер бойына сапқа тұруға жаттықтыру, шеңберді айнала жүруге, ойын ережелерін орындауға

	ағаштарға тауып ілу. (Алма, алмұрт, шие) ағаштары	соң жалаушалармен жаттығу жасату. Жалаушалармен жаттығу.		дамыту	үйрету.
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (коммуникативті дағдыларды дамыту)., өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Күздің алғашқы белгілерін бақылау Мақсаты: Жыл мезгілдерінің өзгеруі туралы түсініктерін молайту; Күздің алғашқы белгілері туралы түсініктерін қалыптастыру. Еңбек: Ойын алаңындағы жапырақтарды жинау. Мақсаты:орындалған жұмыс нәтижесін көріп қуануға үйрету; экологиялық мәдениеттерін тәрбиелеу. Қимылды ойын «Қуып жет». Мақсаты: Тез жүкіруге, ептілікке жаттықтыру. Жаттығу ойындары Бөрене үстімен жүру Мақсаты: Тепе-теңдікті сақтауға жаттықтыру Мақал: Күз байлығы-ел ырысы.				
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау: қолды дұрысжуу, өз орамалының орнын білу, қолдыдұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдірсу, мөлдір суға қолыңды жу» Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою) Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айту) (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызметету, еңбек әрекеті) Ереже: Тамақ ішер кезде енді, Сөйлемейміз күлмейміз. Астан басқа өзгені, Елемейміз, білмейміз. (коммуникативтік іс-әрекет)				
Күндізгі ұйқы	Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Қазақ халық ертегілерін оқып беру (коммуникативтік әрекет)				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету.(мәдени-гигиеналық дағдылар).				
Бесін ас	Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау) Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				

Балалардың дербес іс-әрекеті ойындар, үстел ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа іс-әрекеттер)	Кітаптан ертегі оқып беру. Балалардың өздері құрастырған ертегісін тыңдау. (коммуникативтік әрекет) Кітаптарын жасау бойынша жұмыстарын жалғастыру. (шығармашылық іс- әрекеті) Кітаптарды санау, өлшеу, салыстыру (танымдық іс-әрекет) Кітапхана немесе кітап дүкенін құрастыру материалдарынан құрастыру. (шығармашылық іс-әрекеті) Қазақ тілі Д/о: «Не артық?» Құстар туралы білімдерін бағалау.	Сөйлеуді дамыту. Коммуникативтік дағдыларын дамыту бойынша ойын-жаттығу. Топпен танысу (саяхат). Мақсаты: балабақша туралы түсініктерін қалыптастыру, топ бөлме жиһаздарымен таныстыру, заттардың атын атауға және қызметін білдіретін сөздер арқылы балалардың сөйлеу тілін дамыту. балаларды балабақша өмірімен, топ бөлмесімен таныстырып, ондағы жиһаз атауларын атауға, олардың қызметін сипаттап беруге үйрету. дидактикалық ойын арқылы балалардың сөздік қорын дамыту. топтағы жиһаздарды ұқыпты ұстауға тәрбиелеу. заттарды ұқыпты күтіп ұстау ережесін сақтау дағдысын. тап» .
Балалармен жеке жұмыс	Сүрет салу шығармашылық коммуникативтік, ойын әрекеттері «Дәмді алмалар» Мақсаты: балалардың бойында бейнелеу өнеріне деген қызығушылығын дамыту. Міндеттері: дөңгелек пішінді салуды үйрету, солдан оңға қарай бір бағытта контурдан шықпай бояуға дағдылану, қылқаламды ұшсаусақпен еркін ұстауға үйрету. Ұқыпты жұмыс жасауға тәрбиелеу. Ойын:: «Дәмін ажырат»). Алихан, Али, Махаббат.	Ойын «Аю мен аралар» мақсаты: Ойын сөздерін айта отырып, кейіпкерлерді нақ көрсете білу. Аю болып киінген бала Ал аралар болып киінген барлық балалар орманға бүлдірген теруге барады. Қимылдармен көрсетіп, мынадай сөздерді айтады: Орманында аюдың, Бүлдіргені көп екен, (екі қолды жайып көрсетеді) Теріп-теріп алайық, (тереді). Сафина, Диляра, Нурислам.
Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (коммуникативті әрекет, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).	
Серуен	Ауа-райының құбылыстары мен табиғат объектілерін бақылау (танымдық және зертеушілік әрекеттер), әңгімелесу (коммуникативті әрекет), спорттық, қимылды және ұлттық ойындар (дене белсенділігі, еңбек қызметі).	
Балалардың үйіне қайтуы	Ата аналарды кітаптар бойынша жүргізілетін жұмыс жоспарымен таныстыру. Үйде кітап оқып беруге кеңес беру.	

Әдіскер

Дәуір

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы
Қыркүйек айы 2023 жыл 2 апта

Күн тәртібі	Дүйсенбі 11.09.2023	Сейсенбі 12.09.2023	Сәрсенбі 13.09.2023	Бейсенбі 14.09.2023	Жұма 15.09.2023
Балаларды қабылдау	Балалардың көтеріңкі көңіл-күйде болуын ұйымдастыру. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді пысықтау.				

Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында және болған жаңалықтар жайлы ата-анамен әңгімелесу.				
Балалардың дербес іс-әрекеті (баяуқимылды үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және т. б. іс-әрекеттер)	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. (коммуникативтік әрекет) Дидактикалық ойын: «Ойыншықты тап, сана», «Қуыршақ қонаққа дайындалуда», «Орын тап» Мен ертегі кейіпкерімін сюжетті ойын Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарау. (шығармашылық іс-әрекеті) Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау) Балалармен жеке жұмыс.				
Таңертеңгі жаттығу	Ертеңгілік жаттығулар кешені: (1 – 15 қыркүйек аралығы) № 2 жаттығулар кешені. Мақсаты: денсаулық сақтау технологиясын және ойын және тыныс алу гимнастикасын қолдану арқылы балалардың дене шынықтыру жаттығуларын орындауға қызығушылығын қалыптастыру және қызығушылығын дамыту. Сапта бағытты сақтай отырып жүруді үйрету, педагогтің берген белгісі бойынша тоқтауды үйренуді қалыптастыру. Шеңбер бойына сапқа тұруды үйретіп, оны бекіту, өз іс-әрекетін басқа балалардың іс-әрекетімен сәйкестендіре білу.				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру. Аумин десең маған, Алтыннан-жағаң, Күмістен тағаң Оң жағыңнан кетпесін, Тілеуің қабыл, Мұратың асыл болсын, Аумин (коммуникативтік әрекет)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	«Менің сүйікті ойыншығым» тақырыбында әңгімелесу. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. (коммуникативтік әрекет)	«Қай қолымда көп» мақсаты: аз және көп заттарды ажиратуға, салыстыруға қабілеттерін дамыту. Әртүрлі ұсақ заттар–моншақтар, түймелер ортаға бір баланы шақырып, оң және сол қолына көп және аз заттарды ұстатады.	«Әдемі кілемшелер» Ойынның мақсаты: бөліктерден кілемше жасауға үйрету; қабылдау, ес, зейін процесстерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ойынның құрал-жабдықтары: қағаздан жасалған кілемшелер, геометриялық пішіндер.	«Біркелкі пішіндерді сана» Мақсаты: Пішіндерді танып, топтастыра білуге үйрету. Ойлау қабілетін, қол қимылын жаттықтыру. Көрнекілік: Геометриялық пішіндер суреттері бар, таратпа суреттер. (15 дана)	«Қай қолымда көп» мақсаты: аз және көп заттарды ажиратуға, салыстыруға жаттықтыру; ойлау қабілеттерін дамыту. Ойынның құрал-жабдықтары: әртүрлі ұсақ заттар–моншақтар, түймелер ортаға бір баланы шақырып, оң және сол қолына көп және аз заттарды ұстатады.

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру Негізгі қимылдар:екі аяқпен секіру(аяқты қосып секіру және екі жаққа алшақ қойып секіру). Шенбер бойына сапқа тұрып жаяу жүру. Мақсаты:денсаулықсақтау технологиясын және «Қояндар» саусақ гимнастикасын қолдану арқылы балалардың дене шынықтыру жаттығуларын орындауға қызығушылығын қалыптастыру және қызығушылығын дамыту. Қазақ тілінен ойын-жаттығу. Міндеті:Сурет бойынша отбасы мүшелері туралы шағын мәтінді тыңдап, түсінеді, тақпақтар айта алады. Сыни ойлау: «Отбасы не үшін керек?» Дәстүр саусақ ойыны: «Бір үйде біз нешеміз?» (Педагогтің жетек. жүрг. ойын) Мақсаты: Балалар отбасы мүшелерінің атауларын қайталайды, түсінеді, айта алады. Шарты: саусақ ойыны арқылы отбасы мүшелерін атап, сөздік қорларын байыту	Музыка Міндетті: Балаларды қарама-қарсы сипаттағы музыканы қабылдай білуге үйретуді жалғастыру. Билингвальный компонент: сәлеметсіз бе - здравствуйте, ән - песня, жақсы – хорошо. 1. Балаларды музыкамен қарсы алу. Балалар біз бүгін Әжемізге қонаққа барамыз құлыншаққа мініп тезірек жетейік . "Құлыншақ " әнінің ырғағымен құлыншақ жүрісін салады, ән соңында балардың әженің үйіне келгенін түсіндіру. -Әженің үйінде үй жануарлары бар екен қанеки балалар жануарлар дауысын салып беріндерші. 2. «Лақ» әні -Қанекей балалар әжемізге лақ туралы ән айтып берейік. 3.Дидактикалық ойын: «Анасын тап» -Балалар берілген суреттегі жануарлардың төлін табу керек қане кім жақсы табады екен.	Қазақ тілі. Дыбыстарды дұрыс айтайық(а,ә,о,ө). Мақсаты: тілдегі дыбыстарды дұрыс айта білуін және зейін қойып тыңдауын жетілдіру, сөздер дедауысты дыбыстарды қайта білуін қалыптастыру. Міндеті: а)Білімділік:балаларға үй құстарымен үй жануарларының төлдерінің дыбыстауы жайында мағұлмат беру. Дауысты дыбыстарды (а,ә,о,ө)дұрыс айту үшін артикуляциялық жаттығулар арқылы жаттықтыру.Дауыстыдыбыстарды(а,ә,о,ө)дұрысайту үшін артикуляциялық жаттығулар арқылы жаттықтыру. Дидактикалық ойын: «Төлдерқалайдыбыстайды?» ойыныарқылыәрмалдыңтөлдерініңқалай дыбыстайтынын айту. Бұзау қалай дыбыстайды?(«Мө-мө-мө» деген дыбысты қайталату). Лақ қалай дыбыстайды? («Мә-мә-мә» деген дыбысты қайталату) т.б.	Дене шынықтыру Негізгі қимылдар:бір-біріне допты домалату(аяқты алшақ қойып отыру, арақашықтық – 1 метр). Екі аяқпен ептілікпен секіру (аяқты қосып секіру және екі жаққа алшақ қойып секіру). Мақсаты:«Қыздар және ұлдар» ойын-жаттығуынқолдану арқылы балалардың дене шынықтыру жаттығуларын орындауға қызығушылығын қалыптастыру және қызығушылығын дамыту. Міндеттері: аяқты алшақ қоя отырып, 1 метр арақашықтықта бір-біріне допты домалатуға үйрену, доптың қозғалысының бағытын сақтауды үйренуге қалыптастыру.	Дене шынықтыру Негізгі қимылдар: сызық үстінен екі аяқпен секіру, кедергілер арасынан жүру және жүгіру. екі аяқпен сызықтан секіруге арасынан жаяу жүріп және жүгіріп өту дағдысын бекіту, ептілікті жетілдіру. Шектелген алаң үстінен жүргенде тепе-теңдікті сақтауды жетілдіру. Балаларды бір-бірін қадірлеу, өзара жайлы қарым- қатынас орнатуға тәрбиелеу, зейінін дамыту. Ойын: «Допты домалат». Мақсаты:допты саусақтарымен епті, шапшаң қозғау арқылы домалата білуді бекіту Қазақ тілі: Ойын «Бұл үйде кімдер тұрады?» Отбасаы атауларын атау.
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (коммуникативтік әрекет, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Күздің алғашқы белгілерін бақылау Мақсаты: Жыл мезгілдерінің өзгеруі туралы түсініктерін молайту; Күздің алғашқы белгілері туралы түсініктерін қалыптастыру.				

	Еңбек: Ойын алаңындағы жапырақтарды жинау. Мақсаты: орындалған жұмыс нәтижесін көріп қуануға үйрету; экологиялық мәдениеттерін тәрбиелеу. Қимылды ойын «Қуып жет». Мақсаты: Тез жүкіруге, ептілікке жаттықтыру. Жаттығу ойындары Бөрене үстімен жүру Мақсаты: Тепе-теңдікті сақтауға жаттықтыру Мақал: Күз байлығы-ел ырысы. Ауа-райының құбылыстары мен табиғат объектілерін бақылау (танымдық және зертеушілік әрекеттер), әңгімелесу(коммуникативті әрекет), спорттық, қимылды және ұлттық ойындар (дене белсенділігі, еңбек қызметі).	
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).	
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау: қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, көркем сөз қолдану, мысалы Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою) Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану, сөйлеспеу, алғыс айту) (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті) Ереже: Тамақ ішер кезде енді, Сөйлемейміз күлмейміз. Астан басқа өзгені, Елемейміз, білмейміз. (коммуникативті әрекет),	
Күндізгі ұйқы	Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)Балалардың тыныш ұйықтауы үшін ертегілерін оқып беру (комм- әрекет)	
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету.(мәдени-гигиеналық дағдылар).	
Бесін ас	Кезекшілердіңжұмысы (асханақұралдарын, майлықтардыүстелгеқою, соңынан жинау) Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету.(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)	
Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды үстел ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және т.б.әрекеттер)	Топтағы ойыншықтарды санау, биік аласа өлшемі бойынша топтастыру, салыстыру Сөрелерге кеңістікті бағдарлай отырып жайғастыру(танымдық іс-әрекет) Өз ойыншықтарын жасауды жалғастыру. Балалардың таңдауы бойынша (шығармашылық іс-әрекеті)	Топтағы ойыншықтарды санау, биік аласа өлшемі бойынша топтастыру, салыстыру Сөрелерге кеңістікті бағдарлай отырып жайғастыру(танымдық іс-әрекет) Өз ойыншықтарын жасауды жалғастыру. Балалардың таңдауы бойынша (шығармашылық іс-әрекеті)
Балалармен жеке жұмыс	Дауысты дыбыстарды (а,ә,о,ө) дұрыс айту үшін артикуляциялық жаттығулар арқылы жаттықтыру.	Математика негіздері – танымдық, ойын әрекеттері. Салыстыру таңбалары Мақсаты: Көп және аз сөздерін пайдалана санмен заттарды

	Дидактикалық ойын: «Төлдер қалай дыбыстайды?» ойын арқылы малдың төлдерінің қалай дыбыстайтынын айту. Бұзау қалай дыбыстайды? («Мө-мө-мө» деген дыбысты қайталату). Лақ қалай дыбыстайды? («Мә-мә-мә» деген дыбысты қайталату) т.б. Жангирхан, Айша, Санжар.	салыстыру. Жеке және біріге жұмыс жасауға үйрету. Дид.ойын«Заттың атын ата» сикырлы қапшықпен ойын. Мұхаммед, Ансар, Таймас.
Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу.Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (коммуникативті әрекет, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).	
Серуен	Ауа-райының құбылыстары мен табиғат объектілерін бақылау (танымдық және зертеушілік әрекеттер), әңгімелесу(коммуникативті әрекет), спорттық, қимылды және ұлттық ойындар (дене белсенділігі, еңбек қызметі).	
Балалардың үйіне қайтуы	Ата-аналармен балалардың сүйікті ойыншығы туралы әңгімелесу. Ауа райына байланысты әңгімелесу.	

Әдіскер *Рауф*

Тәрбиелеу-білімберу процесінің циклограммасы
Қыркүйек айы 2023 жыл 3 апта

Күн тәртібі	Дүйсенбі 18.09.2023	Сейсенбі 19.09.2023	Сәрсенбі 20.09.2023	Бейсенбі 21.09.2023	Жұма 22.09.2023
Балаларды қабылдау	Балалардың көтеріңкі көңіл-күймен келуіне жайлы жағдай жасау. Тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуін қалыптастыру. Баладан өз отбасында қандай шаруамен айналысқаны жайлы айтып беруге тарту (коммуникативтік әрекет)				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балаларды қабылдау үстінде ата-аналармен баланың мінезіндегі өзгерістер туралы әңгімелесу.				
Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа іс-әрекеттер)	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. (коммуникативтік әрекет) Дидактикалық ойын: «Не жетпейді?» (суреттер бойынша), Ғажайып қоржын (ішіндегі затты сипап сезу арқылы анықтау, атын атау), «Ғажайып сандық», «Үйшік құрастыр» Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарау. (шығармашылық іс-әрекеті) Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау). (еңбек әрекеті)				
Таңертенгі жаттығу	Ертеңгілік жаттығулар кешені: (15 –30 қыркүйек аралығы) № 3 жаттығулар кешені. Мақсаты: денсаулық сақтау технологиясын қолдану арқылы балалардың дене шынықтыру жаттығуларын орындауға қызығушылығын қалыптастыру және қызығушылығын дамыту. Міндеттері: ойын тапсырмалары бойынша қуыршақтарды қолдану арқылы сапқа бір қатарға тұра білуді бекіту. Қуыршақты құшақтай жүріп, қырға баспалдақпен көтерілгенде және төмен қарай сырғанағанда тепе-теңдікті сақтай білуді үйрету. Ептілікті, қозғалыс үйлесімділігін дамыту, ойыншақтарға ұқыпты қарауға тәрбиелеу, денешынықтыру сабағына қызығушылықты арттыру				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Өз орнын тауып отыру. Ас болсын сөзін айтуды қалыптастыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, асықпай әбден шайнауды үйрету.				

Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Таңғы жиын. Балалар жаңалықтарымен бөліседі, жақсы тілектер тілеу. «Менің отбасым», тақырыбында әңгімелесу. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. (коммуникативтік әрекет)	«Сикырлы суреттер» Ойынның мақсаты: балалардың логикалық ойлау қабілетін, ес, зейін, қабылдау процесстерін дамыту. Балалар алдарындағы үлгі бойынша бөлінділерден сурет құрайды. Сурет бойынша әңгіме құрауды ұсыну.	«Көп және біреу» Ойынның мақсаты: көп және біреу қатынастарын білуге үйрету; заттардың тең, тең емес топтарын салыстыру. Ойынның құрал-жабдықтары: көп және бір зат бейнеленген суреттер. Ойынның мазмұны: балалар берілген суреттерді қарастырады. Көп зат және бір зат бейнеленген суреттерді бөліп, екі жаққа қояды	«Сипаттамасы бойынша тап» мақсаты: ұзын-қысқа, кең-тар, биік-аласа ұғымдарын бекіту. балалар аю, түлкі, қасқыр, қоянның ойыншықтарын қарастырады. Әр ойыншықты анықтап атын атайды. Ойнаушылардың біреуі бөлмеден шығып кетеді, басқа ойнаушылар ойыншық туралы жұмбақ құрастырады. Жұмбақ құрастырғаннан кейін жұмбақты шешетін баланы шақырады.	«Сикырлы суреттер» Ойынның мақсаты: балалардың логикалық ойлау қабілетін, ес, зейін, қабылдау процесстерін дамыту. Балалар алдарындағы үлгі бойынша бөлінділерден сурет құрайды. Сурет бойынша әңгіме құрауды ұсыну.
---	---	--	--	--	--

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру Негізгі қимылдар: 4 метр қашықтыққа тіке бағытта еңбектеу. Аяқтарын алшақ ұстай отырып допты бір-біріне домалату, арақашықтық – 1 метр. Мақсаты: төрт тағандап еңбектеу дағдыларын қалыптастыру. Міндеттері: белгіленген бағытты сақтай отырып еңбектеуге үйрету. 1 метр қашықтықта аяқтарын алшақ ұстай отырып допты бір-біріне домалату әдісін бекіту, допты қолмен лақтыру күшін дамыту. Көзөлшемін, төзімділікті дамыту, достық қарым-қатынасқа, бірлесе ойнауға үйренуге тәрбиелеу. Ойын: «Шеңберге шапшаң тұр». - Мақсаты: бір бағытта жүгіруге жаттығу, зейінін арттыру, шапшаң қозғалысқа үйрету.	Музыка Міндетті: Қимылды тоқтату арқылы музыканың соңы мен ырғағын сезіе білуге үйрету. Билингвальный компонент: сәлеметсіз бе - здравствуйте, ән - песня, жақсы – хорошо Таңертеңгі жаттығу 1. Музыка залында балаларды көңілді музыкамен қарсы алу. 2. Ән айту. «Тұлпарым» Әннің мәтінін үйрету. 3. Музыкалық-ырғақты қимыл: Яғни оңға, солға бұлғауға болады. Әннің шумағын үйреніп болған соң жалаушалармен жаттығу жасату 4. Ойын. Ойынның шарты: Өртүрлі шығармадағы кейіпкерлер суреті салынған сағат бейнелі карточкалар беріледі. Жетекші таныс ән немесе әуенді ойнап, балалар «Әуенді сағаттан» сол әннің мазмұнын сай суреті сағат тілін қозғау арқылы табу.	Қазақ тілі: Тілдік дамытушы орта. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды, 36 естуді дамыту. Тақырыбы: «Біз бақытты балалар». Мақсаты: Мережелік көңіл-күй орнату балалардың мектеп туралы түсініктерін кеңейту, мектеп құралдарымен таныстыру. Д/ойын; «Түрлі түстер» Мақсаты: Балаларға ойын арқылы түстерді заттарды айыра білуге үйрету.	Дене шынықтыру Негізгі қимылдар: ені – 25 см, ұзындығы 2,5 метр тіке жолмен жүру Кез келген бағытта еңбектеу. Мақсаты: тіке жолмен жүруді үйрету (ені – 25 см, ұзындығы – 2,5 метр), ауданы шектелген заттың үстінде жүру кезінде тепе-теңдікті сақтай білуді қалыптастыру. Кез келген бағытта еңбектеуге жаттықтыру. Ептілікті, икемділікті дамыту, мейірімділікке, жан-жануарларға қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу. Ойын: «Орныңды тап!». Мақсаты: зейінін арттыру, өз орнын шапшаң таба білу.	Дене шынықтыру Негізгі қимылдары: ені – 20 см, ұзындығы 3 м ирек жолмен жүру Допты бір-біріне екі қолмен домалату (арақашықтығы – 1,5 метр). Жоғарыда ілініп тұрған затқа қолын тигізіп, биіктікке секіру. Мақсаты: велосипед тебу дағдысын қалыптастыру. Міндеттері: тұрақты тепе-теңдікті сақтай отырып, шектелген тірек аумағында жүруге жаттықтыру. Үш дөңгелекті велосипед тебу дағдысын қалыптастыру. Ептілікті, жылдамдықты, зал кеңістігін бағдарлауды дамыту. Қазақ тілінен ойын-жаттығу. Д/о: «Жемістер мен көкөністер» Шарты: Жемістер мен көкөністерді ажырату.
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Табиғи материалдар туралы не білетіндерін сұрау. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (коммуникативтік әрекет, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Аула тазалаушы еңбегін бақылау Мақсаты: күз мезгіліндегі аула тазалаушы еңбегі туралы білімдерін молайту, аула тазалаушыға қажетті құрал-жабдықтармен танысу Еңбек: Аула тазалаушыға көмектесу Мақсаты: Еңбексүйгіштікке, үлкендер еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу Қ/О: «Қармақ» Мақсаты: ептілікке, жылдамдыққа тәрбиелеу: Жаттығу ойындары: Жүгіру техникасын жақсарту Мақсаты: қозғалыстарын дамыту Мақал: «Еңбек етпеген ішіп-жемейді» Ауа-райының құбылыстары мен табиғат объектілерін бақылау (танымдық және зертеушілік әрекеттер), әңгімелесу (коммуникативті әрекет), спорттық, қимылды және ұлттық ойындар (дене белсенділігі, еңбек қызметі).				
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше				

	ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).	
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау: қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілукөркемсөзқолдану, мысалы «Сылдырлайдымөлдірсу, мөлдірсуғақолыңдыжу» Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою) Тамақтану (өз орнын білу, дұры отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану, сөйлеспеу, алғыс айту) (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)	
Күндізгі ұйқы	Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Электронды кітаптан ертегі қойып беру (коммуникативтік әрекет)	
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету.(мәдени-гигиеналық дағдылар).	
Бесін ас	Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау) Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету.(мәдени-гигиеналық дағдылары өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)	
Балалардың дербес іс-әрекеті ойындар, үстел ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа іс-әрекеттер)	Отбасы жайлы әңгімелесу. Өнер орталықтарында еркін іс әрекеттер (коммуникативтік әрекет) Отбасы дүкенге, емханаға, ойын сауық орталығына барғанда тақырыбында сюжеттік рөлдік ойындар ойнату. (коммуникативтік әрекет) Құрастыру материалдарынан қандай ғимаратқа барғанын жасау. (шығармашылық әрекет)	Отбасылық саяхат рөлдік ойынын ойнау. Саяхаттау үшін бізге не керек ойынын ойнату. Орталықтардағы еркін іс әрекеттер Әндер мен тақпақтар және билерді қайталау. (коммуникативтік әрекет, шығармашылық әрекет) «Біз тұратын үй» туралы әңгімелесу. Отбасы мүшелері бір біріне қандай жақсы сөздер айтады. Бір бірін қалай сыйлайды. Отбасы мүшелерінің суреттерін көріп танысу. Отбасы мүшелерін санау. Оларды сипаттау. (коммуникативтік әрекет, танымдық әрекет) «Анасының көмекшілері» аспаздық шеберлік. Балаларға қамырдан бауырсақ жасату. шығармашылық әрекет)
Балалармен жеке жұмыс	Әңгіме, дидактикалық ойындар, дыбыстық (коммуникативтік әрекет) өлең оқу. «Досыңа адал бол» атты тақырыпта балалар өз ойларын жеткізеді Мақсаты: достарын сыйлауға, құрметтеуге қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету. Балабақшадағы баланың досына деген сүйіспеншелігін және сөздік қорын байыту. Амир, Сафина, Амина.	Қоршаған орта: Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру бойынша ойын – жаттығу Мақсаты: жансыз табиғаттағы құбылыстар жайлы түсінік қалыптасады; табиғат құбылыстарының бірі – жаңбырмен танысады. Балалардың табиғатқа, табиғат құбылыстарына, оны танып-білуге деген қызығушылығын ояту. Жаңбырға қуануға үйренеді. Қ/о «Күн, жаңбыр» Мақсаты: табиғат ерекшеліктерін айыру дағдылары қалыптасады. Шарты. Ережеге қатысты ойнау. Айару, Али, Абдурахмен.
Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (коммуникативтік әрекет, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).	

Серуен	Аула тазалаушы еңбегін бақылау. Мақсаты:күз мезгіліндегі аула тазалаушы еңбегі туралы білімдерін молайту, аула тазалаушыға қажетті құрал-жабдықтармен танысу Еңбек: Аула тазалаушыға көмектесу Мақсаты: Еңбексүйгіштікке, үлкендер еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу Қ/О: «Қармақ» Мақсаты: ептілікке, жылдамдыққа тәрбиелеу: Жаттығу ойындары:Жүгіру техникасын жақсарту Мақсаты: қозғалыстарын дамыту
Балалардың үйіне қайтуы	Отбасылық саяхаттар туралы естелік фотолар бар болса беріп жіберуін сұрау.

Әдіскер:



Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы
Қыркүйек айы 2023жыл 4 апта

Күн тәртібі	Дүйсенбі 25.09.2023	Сейсенбі 26.09.2023	Сәрсенбі 27.09.2023	Бейсенбі 28.09.2023	Жұма 29.09.2023
Балаларды қабылдау	Балалардың көтеріңкі көңіл-күймен келуіне жайлы жағдай жасау. Тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуін қалыптастыру. Баладан өз отбасында қандай шаруамен айналысқаны жайлы айтып беруге тарту (коммуникативтік әрекет)				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балаларды қабылдау үстінде ата-аналармен баланың мінезіндегі өзгерістер туралы, ауа райының өзгеруіне байланысты киінуі туралы әңгімелесу.				
Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа іс-әрекеттер)	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. Дидактикалық ойын: «Күн және жаңбыр», «Бақшада не өседі?», «Ұшты ұшты» (коммуникативтік әрекет) Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу. Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарау. (шығармашылық әрекет) Ірі құрылыс материалдарымен ойындар. Жұбын тап Мақсаты: Балалардың ақыл-ойын, тілін дамыту, зейінді болуға тәрбиелеу. Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау) (еңбек әрекеті)				
Таңертенгі жаттығу	Ертеңгілік жаттығулар кешені: (15 – 30 қыркүйек аралығы) № 4 жаттығулар кешені. Мақсаты: денсаулық сақтау технологиясын және «Қояндар» саусақ гимнастикасын қолдану арқылы балалардың дене шынықтыру жаттығуларын орындауға қызығушылығын қалыптастыру және қызығушылығын дамыту. Міндеттері: екі аяқпен секіруге үйрету (аяқты қосып секіру және екі жаққа алшақ қойып секіру), тізені аздап бүгіп, екі аяқпен серпіле секіру. Бір қарқынды сақтай отыра шеңбер бойымен жүре білуді бекіту.				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Өз орнына отыру. Ас болсын сөзін айтуды қалыптастыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыруды пысықтау				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балалардан күз туралы қандай ертегі немесе тақпақ білетінін сұрау. (коммуникативтік әрекет). Әдемі кілемшелер » (шығармашылық әрекет) мақсаты: бөліктерден кілемше жасауға үйрету; қабылдау, ес, зейін процесстерін дамыту; ұйымшылдыққа	«Сипаттамасы бойынша тап» Ойынның мақсаты: ұзын-қысқа, кең-тар, биік-аласа ұғымдарын бекіту. балалар аю, түлкі, қасқыр, қоянның ойыншықтарын қарастырады. Әр ойыншықты анықтап атын атайды.	Біркелкі пішіндерді сана» Мақсаты: Пішіндерді танып, топтастыра білуге үйрету. Ойлау қабілетін, қол қимылын жаттықтыру. Көрнекілік: Геометриялық пішіндер суреттері бар, таратпа суреттер. (15 дана) Барысы: Әр балаға пішіндер суреттері бар, суреттер таратылып беріледі. Суреттерден біркелкі пішіндерді санап атау.	Құрастырып жасаған үйшіктерін сынақтан өткізу. Басқа да жануарлар туралы кітаптар қарау. Қыстайтын және жылы жаққа ұшып кететін құстар туралы фильм қарау. Неге олар ұшып кетеді деген сұраққа балалардың пікірін тыңдау. (коммуникативтік әрекет)	«Сипаттамасы бойынша тап» Ойынның мақсаты: ұзын-қысқа, кең-тар, биік-аласа ұғымдарын бекіту. балалар аю, түлкі, қасқыр, қоянның ойыншықтарын қарастырады. Әр ойыншықты анықтап атын атайды.

	тәрбиелеу.				
Ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру Негізгі қимылдары: 4 метр қашықтыққа тура бағытта еңбектеу. Түрегеп тұрып бір-біріне допты домалату (арақашықтық – 1,5 метр). Мақсаты: тыныс алу гимнастикасын және білекке арналған «Тышқан» массажын қолдану арқылы балалардың дене шынықтыру жаттығуларын орындауға қызығушылығын қалыптастыру және қызығушылығын дамыту. Ойын: «Мысық пен тышқандар». Мақсаты: таппақтың мәтініне сай дене қимылын жасауды үйренуді жалғастыру. Қазақ тілінен ойын-жаттығу. Бұл қай кезде болады? Шарты: Жыл мезгілдері туралы білімдерін арттыру.	Музыка Міндетті: Балаларды бейнелеу сипаттағы музыкамен таныстыру. Шығармаларды қабылдау мен музыканы есті мәдениетіне саналы қарым-қатынасын қалыптастыру. Билингвальный компонент: сау болыңыз - до свидания, би – танец, билейміз- танцует. Таңертеңгі жаттығу 1. Музыка залында балаларды көңілді музыкамен қарсы алу. 2. Музыкалық-ырғақты қимыл: Аяқты топылдату. 3. Ойын: Балалар шығарманы тыңдап, көңіл күйін анықтап, сәйкес карточканы көрсетеді.	Қазақ тілі Тақырыбы «Күз ертегісі» Мақсаты: Балалардың күзгі табиғат туралы білімдерін кеңейте түсу, күзбайлықтарын - астық, көкөніс, жемістер туралы білетіндерін толықтыру. Күзде істелетін жұмыс түрлері мен күздің адамға тигізетін әсерін дәріптеу. Еңбекті, қоршаған ортаны зерттей отырып, табиғат сұлулығын сүюге тәрбиелеу. Сахналық қойылым «Шалқан» Мақсаты: «Шалқан» ертегісі туралы мағлұмат беру, ертегіні сахналау арқылы ой-қиялын дамыту. Шалқан ертегісін көрсете отырып, балаларға бір отбасының татулығын, бірліктерін «Жеміс жинау» ойыны. Ойынның шарты: «Күз – жомарт» әні орындалады. Әуен тоқталғанда балалар тез арада себетке заттарды жинау керек.	Дене шынықтыру Негізгі қимылдары: 4 метр қашықтыққа алақан мен тізені тіреп, тіке бағытта еңбектеу. Екі аяқпен секіру (аяқтарын қосып секіру, екі жаққа алшақ қойып секіру). Мақсаты: бір орында тұрып екі аяқпен секіру дағдысын қалыптастыру. белгі бойынша тоқтауға үйрену, тепе-теңдікті сақтап отыра білу, орнынан тұру және жүгіруді жалғастыру. Алақан мен тізені тіреп еңбектегенде қимыл-қозғалыстарын үйлестіре білуді бекіту. Дидактикалық ойын: «Кетті, кетті орамал». Мақсаты: ұсақ қимыл-қозғалыстарын (моторикасын) дамыту, басқа балалармен қарым-қатынас жасағанда өз іс-әрекетін келістіре білу.	Дене шынықтыру Негізгі қимылдары: 15 см биіктіктегі заттардан секіріп түсу. Төрттағандап еңбектеу, доға жасап тұру, екі қолмен әртүрлі бағытта допты домалату. Мақсаты: Төрттағандап еңбектеуге, доға жасап тұруға жаттығуды жалғастыру. Екі қолмен әртүрлі бағытта допты домалатуды жетілдіре түсу. Ойын: «Қояндар мен қасқыр». Мақсаты: тек белгі берген кезде ғана қимыл жасауды үйретуді жалғастыру, қимыл-қозғалыстардың үйлесімділігін қалыптастыру
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Табиғи материалдар туралы не білетіндерін сұрау. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (коммуникативтік әрекет, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Ұшып кететін құстарды бақылау: <i>Мақсаты: ұшып кететін құстар туралы түсініктерін кеңейту;</i> Құстарға деген танымдық қызығушылығын арттыру. Еңбек:				

Балалардың дербес іс-әрекеті ойындар, үстел ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа іс-әрекеттер)	Қазақ тілі; Міндеті: Ас атасы – нан екендігі, нанның дастарханға қалай келетіндігі жөнінде білімдері жетілген, мақал - мәтелдер, тиым сөздер айту біліктіліктері жетілген. Сыни ойлау: «Нан дастарханға қалай келеді?» Д\ о: «Тез ойла» (Педагогтің жетек. жүрг. ойын) Мақсаты: мамандықтың бәрі маңызды екендігін түсінеді, суреттер бойынша мамандық иелерін ажырата алады. Шарты: Мамандық түрлері аталады. Солардың ішінен тақырыпқа сай мамандық иелері аталса балалар қол шапалақтаулары керек.	Көркем әдебиет: Коммуникативтік дағдыларын дамыту бойынша ойын-жаттығуы. – «Отан» өлеңі ментаныстыру. Мақсаты: Отан туралы ұғымдарын қалыптастыру. Өлеңді мәнерлеп оқуға машықтандыру. Тілдік қорларын молайтуға және шығармашылыққа дамыту. Өз Отанын сүйуге, қастерлеуге, қамқор болуға тәрбиелеу. Сөйлеуді дамыту коммуникативтік, үстел үсті кеңейту. сөздік қорларын дамыту. «Түсі бойынша қос». Мақсаты: суреттегі заттарды түсі бойынша сызық пен қосу. Қазақ тілі Міндеті: Өздері тұратын қаласының атауларын дұрыс айтуды меңгерген, Отанына, туған жеріне деген жылы сезімдері қалыптасқан, қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға машықтанған. Сыни ойлау: «Менің кіші Отаным деген не?» Д\ о: «Поезд»
Балалармен жеке жұмыс	коммуникативтік, ойын әрекеті Дыбыстарды дұрыс айтайық (а–э, о–ө). Мақсаты: тілдегі дыбыстарды дұрыс айта білуін және зейін қойып тыңдауын жетілдіру, сөздерде дауысты дыбыстарды анық айта білуін қалыптастыру. Амир, Таймас, Жангирхан, Хансулу.	шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеттері Қазақ ою-өрнектерінің қарапайым элементтерін қайталап салуға баулу. Мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, өзіне ұнаған бұйымдарды мүсіндеу, оларды таяқшамен безендіру. Ұнаған дайын заттардың пішіндерін қазақ оюларының қарапайым элементтерімен безендіру. Абдурахман, Адильхан, Диляра.
Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (коммуникативті әрекет, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).	
Серуен	Картотека №2 Маусымдық өзгерістерді бақылау. Мақсаты: Қыс мезгілінің басындағы қысқа тән белгілерді көре білу және өлең жолдарынан таба білу. (түн ұзарады); Еңбек Ағаштар түбін қармен көму. Мақсаты: тірі табиғатқа деген көмек көрсету ықыласын арттыруға тәрбиелеу. Қ/ о: Қарлақтырып ойнау Мақсаты: : <i>тепе-теңдікті сақтап қозғалыс жасағанда өз-өзін сақтандыруға үйрету</i>	
Балалардың үйіне қайтуы	Ата-аналармен әңгімесұрақ-жауап. Отбасылық саяхаттар туралы естелік фотолар бар беріп жіберуін сұрау.	

Методист: 

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы
Топ: «Күншуақ» ортаңғы топ. Балалар жасы: 3 жастағы балалар
Жоспардың құрылу кезеңі: Желтоқсан айы 3-ап та 2023-2024 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі 18.12.2023	Сейсенбі 19.12.2023	Сәрсенбі 20.11.2023	Бейсенбі 21.12.2023	Жұма 22.12.2023
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сәлемдесуді пысықтау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту (коммуникативті дағдыларды дамыту).				
Ата-анамен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен жеке сұхбат жалғастыру: «Балалар үйде өздерін қалай ұстайды»				
Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және т.б. іс-әрекеттер)	Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру ойынша ойын – жаттығу. «Армысың, қар ұшқыны» Мақсаты: балаларды табиғат құбылыстары мен таныстыруды жалғастыру. Қыс мезгілі, қар, қыстағы адамдардың тіршілігі туралы түсіндіктерді қалыптастыру. Қыс мезгілінде болатын құбылыстар .Табиғат құбылыстарын (маусымдық) ; Әр жыл мезгілінің ерекшеліктерін түсіндіру арқылы табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыру. Ойын алаңында сумен, қармен, ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру (оларды уызға алмау, ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау). Тынысалуға арналған «Боран» ойыны» (Физикалық дағдыларды дамыту)				
Таңертеңгі жаттығу	Ертеңгілік жаттығулар кешені: (15– 30 желтоқсан аралығы) № 3 жаттығулар кешені. Мақсаты: денсаулық сақтау технологиясын қолдану арқылы балалардың дене шынықтыру жаттығуларын орындауға қызығушылығын қалыптастыру және қызығушылығын дамыту. Міндеттері: ойын тапсырмалары бойынша қуыршақтарды қолдану арқылы сапқа бір қатарға тұра білуді бекіту. Қуыршақты құшақтай жүріп, қырға баспалдақпен көтерілгенде және төмен қарай сырғанағанда тепе-теңдікті сақтай білуді үйрету. Ептілікті, қозғалыс үйлесімділігін дамыту, ойыншақтарға ұқыпты қарауға тәрбиелеу, денешынықтыру сабағына қызығушылықты арттыру				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Демалыс	Құрылыс материалдарын контейнерлерге жинап салу. Мақсат-міндеттері. Балаларды ұқыптылыққа үйрету, жауапкершілікке тәрбиелеу, басталған жұмысты соңына дейін жеткізу дағдысын қалыптастыру. (еңбек дағдылары)	Бөлме өсімдіктерін суару. Мақсат-міндеттері. Балаларға өсімдіктерге күтім жасау тәсілдерін үйретуді жалғастыру (күнге жақын өсімдіктерге суды көбірек құйып, көлеңкеде өсетіндерге аздап құю, қажетіне қарай суару), бөлме өсімдіктеріне ұқыпты қарады үйрету. (еңбек	Ойыншықтарды сөрелерге қою. Мақсат-міндеттері. Балаларға ойыншықтарды сөрелерге белгілі тәртіпте қою амалын игерту; тәртіптілікке деген ұмтылысты қолдау; ойыншықтарға ұқыпты қарауға тәрбиелеу.	Кітап бұрышын тазалау. Мақсат-міндеттері. Құлап жатқан кітаптарды тігінен тізбекке қойып, ретпен орналастыруға машықтандыру; балаларды кітаптарға ұқыпты, таза қарауға үйрету.

			дағдылары)	(еңбек дағдылары)	(еңбек дағдылары)
Ұйымдастырыл ған іс- әрекет	Демалыс	Музыка Міндетті: «Шырша мен ойыншықтар» ойыны: Әуеннің дыбыс биіктігін ажыратып, естіген әуенді нота сызықтарына орналастыруға үйрету. Билингвальный компонент: қыс - зима, қар - снег, қатты – громко, ақырын– тихо 1. Балаларды музыкамен қарсы алу. 2. Музыка тыңдау. «Жана жыл» «Шырша» әні. Дауыстарын салған балаларды мадақтау. 3. Би. «Летка енка», «Үйректер биі» биін таныс би кимылдарымен билету	Қазақ тілі– коммуникативтік, үстел үсті ойындары Балалардың сөздік қорын ойындармен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы(ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту, қарама-қарсы мағынадағы сөздерді - антонимдерді енгізу. «Заттың атын ата» Заттың сапасын сипап байқату арқылы ажырата білу және оларды тегіс, кедір – бүдір, жұмсақ, қатты, қою, сұйық, ауыр, жеңіл деп дұрыс атай білуді дамыту	Дене шынықтыру Негізгі қимылдары: 4,5 метр қашықтыққа тура бағытпен төрттағандап еңбектеу. Міндеттері: Таныс қимыл-қозғалысты жеңіл әрі еркін, ырғақпен және келісілген түрде кеңістікте белгіленген бағдармен, тепе-теңдікті сақтай отырып орындауды қалыптастыру. Қимыл-қозғалыс кезінде берілген белгіні бастапқы және соңғы мезетінде қабылдай білу. Ойын: «Балапандар». Мақсаты: жалтарып кету арқылы жүгіруге жаттығу, музыка ырғағына сай қозғала білуге жаттығуды бекіту.	Дене шынықтыру Негізгі қимылдары Мақсаты: тереңдікке секіру дағдысын қалыптастыру. Міндеттері: балаларды аласа заттардың үстінен аяқтарын жартылай бүгіп, секіріп түсуге үйрету. Кедергілерден «жыланша» ирелендеп жүріп өту кезінде, оң және сол жақтағы кедергілерді айналып өтуге жаттығу. Ойын: «Торғайлар мен мысық». Мақсаты: үйлестіру қабілетін дамыту, мәнерлеп қозғалуға үйрену.. -
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (коммуникативті дағдыларды дамыту), өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)..				
Серуен	Желді бақылау; Мақсаты: өлі табиғат туралы білімдерін байыту; табиғат құбылыстарына деген қызығушылықтарын қалыптастыру. Бүгін ауа райы қандай? (<i>суық, желді, аязды</i>) Қыс мезгілінде желді қалай атайды? (<i>боран, үскірік</i>) Еңбек Сырғанақ төбешік соғу Мақсаты: бір-біріне деген жағымды көзқараста болуға тәрбиелеу. Қимылды ойын «ең мерген кім?». Мақсаты: Заттарды лақтыруға жаттықтыру; Көзбен мөлшерлей білулерін дамыту. «Ағаш суретін сал». Мақсаты: қар бетіне әртүрлі ағаш суретін сала білулерін бекіту. Жеке жұмыс: «Затты тап». Мақсаты: Балабақша ауласын бағдарлай білулерін бекіту; Затты сипаттау бойынша та (Физикалық дағдыларды дамыту)				
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше				

	ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті)..	
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау: қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану, сөйлеспеу, алғыс айту) (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)	
Күндізгі ұйқы	Тамақтан соң ауыздарын су мен шаюды қалыптастыру. Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындық қаіліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Қазақ халық ертегілерін оқып беру (коммуникативтік іс-әрекет)	
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар). (Физикалық дағдыларды дамыту) (Мәдени -гигиеналық дағдыларды дамыту)	
Бесін ас	Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау) Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)	
Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды үстел ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және т.б. әрекеттер)	Сөйлеуді дамыту – коммуникативтік, ойын әрекеті «Шұбартауық» Мақсаты: ертегінің мазмұнын түсінуге, тыңдауға, бейнелі сөздерді есте сақтауға, дауыс ырғағын қабылдауға, ертегі кейіпкеріне өз көзқарасын білдіруге. балаларды ертегі мазмұнымен таныстыру. Дидактикалық ойындар арқылы балалардың сөздік қорын, көру, есту арқылы есте сақтау қабілеттерін дамыту. Ертегі кейіпкерлерінің іс-әрекеті арқылы қамқорлық сезімдерін ояту. Дидактикалық ойын: «Балапандарды тамақтандыру». Ойын шарты: «Шөжелерім» әнін балаларға тыңдата отырып, қимылмен балапандарға жем шашуды көрсету.	Қоршаған орта. Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру бойынша ойын – жаттығу. «Зоологиялық домино» Мақсаты: Балалардың жабайы және үй жануарлары туралы білімдерін бекіту. Ұғымталдыққа, зейін қоюшылыққа баулу. Ойынға төрт адам қатысады. Карточкалардың сурет жағы теріс қаратып қойылады. Балалар алты карточкадан санап алады. Сонан соң тәрбиеші ойын ережесін түсіндіреді: Бір-бірінің қасына тек бірдей суретті карточканы қоюға болады. Егер ойынға қатысушының біреуі карточкасыз қалса, онда ол жанген болып саналады. Егер керек карточка жоқ болса, онда ол адам өзінің жүрісін жібереді. Карточкаларды араластырып ойынды ары қарай жалғастыруға болады.

Балалармен жеке жұмыс	танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту бойынша ойын жаттығу. «Қол соғу»Мақсаты: Балалардың есту, қабылдау қабілеттерін жетілдіру, қарапайым сан мен санау түсініктерін қалыптастыру; Тез, дәл қимыл жасау, есту қабілетін жетілдіру, ретімен санауды, қанша болса сонша ұғымдарын қалыптастыру үшін жаттықтыру. Тәрбиеші қол соғады. Балалар санайды. Одан соң тақта алдына шақырылған балалардың бірі тәрбиешінің қол соғуын қайталап, оның неше рет қол соққанын айтуы немесе дөңгелектің тілін қол соғу санына сай келетін сандық фигураға қаратып қоюы тиіс. Ойын күрделенеді. Балалар үндемей, қол соғу санын есептейді, әрқайсысы дөңгелек тілін өздігінен жылжытады. Тәрбиеші ойын ережесінің дұрыс орындалуын қадағалайды. Ансар, Медина, Нина, Алихан.	Қазақ тілі: «Сипаттамасы бойынша тап» Мақсаты: Ұзын–қысқа, жуан–жіңішке, үлкен–кіші, оң–сол, ұғымдарын қайталау. Заттардың (5 және одан артық) ұзындығын, биіктігін, ені мен жуандығын анықтау іскерлігіне үйрету, оң–сол ұғымдарын бекіту. Керекті материалдар. Табиғи материалдар: ұсақ тастар, жаңғақтар, таяқшалар т.б. Бала қолын артына ұстайды. Тәрбиеші оның қолына үлкендігі түрліше, бірақ тегі бірдей екі затты ұстатады. Бала қолына қарамастан, оң қолында үлкен тас, сол қолында – кіші тас бар екенін айтуға тиіс. Балалар оның жауабының дұрыстығын тексереді. Енді тәрбиеші екінші баланың қолына жуандығы бірдей, ұзындығы әр түрлі екі таяқша немесе жуандығы әр түрлі ұзындығы бірдей екі қарындаш ұстатады. Топ алдына шақырылған әрбір бала бір – біріне ұқсас 2-3 жаттығу орындайды. Ешқандай қателік жібермеген балалар жеңімпаздар болып есептеледі. Виолетта, Али, Инкара.
Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (коммуникативті әрекет, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).	
Серуен	Желді бақылау <i>Мақсаты:</i> өлі табиғат туралы білімдерін байыту; табиғат құбылыстарына деген қызығушылықтарын қалыптастыру. Бүгін ауа райы қандай? <i>(суық, желді, аязды)</i> Қыс мезгілінде желді қалай атайды? <i>(боран, үскірік)</i> Еңбек Сырғанақ төбешік соғу <i>Мақсаты:</i> бір-біріне деген жағымды көзқараста болуға тәрбиелеу. Қимылды ойын «ең мерген кім?». <i>Мақсаты:</i> Заттарды лақтыруға жаттықтыру; Көзбен мөлшерлей білулерін дамыту. «Ағаш суретін сал». <i>Мақсаты:</i> қар бетіне әртүрлі ағаш суретін сала білулерін бекіту. Жеке жұмыс: «Затты тап». <i>Мақсаты:</i> Балабақша ауласын бағдарлай білулерін бекіту; Затты сипаттау бойынша тап (Физикалық дағдыларды дамыту).	
Балалардың үйіне қайтуы	«Мен отбасым мүшесі ретінде қыс мезгілінде ауламыздың қарын тазалау үшін ата-анама қалай көмектесе аламын?» отбасылық әңгімелесу. Ата-аналарға кеңес: «Жаңа жылдық мерекеге дайындық» әңгіме	

Әдіскер: 

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы.
Топ: «Күншуақ» ортаңғы топ. Балалар жасы: 3 жастағы балалар
25.12.- 29.12.2023 Желтоқсан айы 4- апта

Күн тәртібі	Дүйсенбі 25.12.2023	Сейсенбі 26.12.2023	Сәрсенбі 27.12.2023	Бейсенбі 28.12.2023	Жұма 29.12.2023
Балаларды қабылдау	Балалардың көтеріңкі көңіл-күйде болуын ұйымдастыру. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді пысықтау. Баладан бақшаға келгенше не көргенін, қандай көңіл күймен келгенін сұрау, баланың жеке пікірін				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен баланың көңіл-күйі, денсаулығы, жайында және болған жаңалықтар жайлы ата-анамен әңгімелесу.				
Балалардың дербесіс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа іс-әрекеттер)	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. (коммуникативтік әрекет) Дидактикалық ойын: «Не жетпейді?» (суреттер бойынша), ғажайып қоржын (ішіндегі затты сипап сезу арқылы анықтау, атын атау), «Ғажайып сандық», «Үйшік құрастыр» Сөйлеуді дамыту – коммуникативтік, ойын әрекеті қыс мезгілін сипаттай отырып, сөздік қорындамыту, сөзтіркестерін дұрыс айта білуге жаттықтыру. Сурет салу – шығармашылық, коммуникативтік, ойын қыс мезгілі туралы түсінігін кеңейту. Қыс мезгілінің сұлулығын тамашалай білуге, табиғаттың ерекшелігін сезіне білуге, қоршаған ортамен танысу арқылы баланың ой - өрісін дамыту Дид/ойын: «Ұлпа қар» Мақсаты: Жапалақтап жауып тұрған қар ұлпаларының суретін түтікше арқылы үрлей отырып, бейнелеуге үйрету.				
Танертенгі жаттығу	Ертеңгілік жаттығулар кешені: (15 – 30 желтоқсан аралығы) № 4 жаттығулар кешені. Мақсаты: денсаулық сақтау технологиясын және ойын және тыныс алу гимнастикасын қолдану арқылы балалардың дене шынықтыру жаттығуларын орындауға қызығушылығын қалыптастыру және қызығушылығын дамыту. сапта бағытты сақтай отырып жүруді үйрету, педагогтің берген белгісі бойынша тоқтауды үйренуді қалыптастыру. Шеңбер бойына сапқа тұруды үйретіп, оны бекіту, өз іс- әрекетін басқа балалардың іс-әрекетімен сәйкестендіре білу.				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	«Қысқы тіршілік» Мақсаты: қыстап қалатын құстардың жеке атауын ататып, оларды ажырата білуге үйрету. Сөздік қорын дамыту.. Ойын шарты: балалар жалпы құстардың ішінен қыстап қалатын құстардың аттарын жеке-жеке атап, оларды тауып, орман ағаштарына	«Жүргізушілер. Гараж. сюжетті рөлді ойын. Мақсаты: Транспортшылардың, автоинспектор қызметкерлерінің еңбектерін құрметтеуге және қызығушылықтарын тәрбиелеуге, олардың еңбек пен «инспектор-жүргізуші», «инспектор-жаяу кісі» өзара қатынасы арасындағы еңбек	«Бұл қай кезде болады?» Мақсаты: жыл мезгілдері және табиғат құбылыстары туралы түсініктерін арттыру Тәрбиеші балаларға жыл мезгілдерінің және табиғат құбылыстарының суреттерін таратып береді. Содан кейін әр баладан бұл құбылыстар қай кезде болатынын сұрайды. Мысалы: қар жауып жатқан суретті алған	«Гараждар» Ойынның мақсаты: геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту; ойлау қабілеттерін дамыту; бала саны бойынша суреті бар рульдер, дәл сондай суреті бар гараждар. : Балалар жүргізуші болады. Қолдарына суреті бар рульдерді таратып беру.	«Таныс пішіндер доминосы» Ойынның мақсаты: геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту; көп заттың ішінен біреуін таңдауға жаттықтыру. Ойынның құрал-жабдықтары: пішіндер бейнеленген суреттер. Балаларға суреттерді таратып беру. Жүргізуші

	орналастырады. Ол құстардың қалай дыбыстайтынын ажыратады. Қыстап қалатын құстар тіршілігі туралы ойларын айтады..	жағдайларда қала тіршілігіндегі маңызы туралы ұғымдарын бекіту.	бала бұл қыс мезгілінде болады деп жауап береді.	Белгі бойынша балалар көліктерін жүргізіп ойнайды. «Көліктеріңді гараждарыңа апарып қойыңдар» - деген кезде, рульдегі суретіне ұқсас суреті бар гараждың жанына барып тұра қал	бірінші суретті үстелдің ортасына қояды, қалған балалар сурет сәйкес өзінің суретін қояды, суретте бейнеленген пішінді атайды. Ойыносылайжалғасабереді .
Ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру. Негізгі қимылдары: шананы бірде оң қолмен, бірде сол қолмен кезек-кезек сырғанату; (бір бала шанаға отырады, екі бала шананысүйрейді). Мақсаты:шанамен сырғанау дағдысын қалыптастыру.сапта жеңіл және бір қарқынмен жүгіре білуді бекіту, қимыл-қозғалыстарды басқа балалармен бірге орындай білуді жетілдіру. Кедергілерді аттап өту кезінде тепе-теңдікті сақтай білуді басты және дене бітімін тік ұстай білуді, алға қарауды қалыптастыру. Секіру жаттығуларын жалғастыру, ойын: «Құстар». Мақсаты:баланың қозғалыс жүйесі мен талдағыш жүйесінің үйлесімділігін қалыптастыруды жалғастыру, құстарға тән қозғалыстарды мәнерлі жеткізе білуді жетілдіру.	Музыка Қарапайым би қимылдарында жартылай отыру, аяқтан аяққа тербелу. Әуеннің дыбыс биіктігін ажыратып, естіген әуенді нота сызықтарына орналастыруға үйрету. Билингвальный компонент: қыс - зима, қар - снег, аяз ата - дед мороз, ақшақар - снегурочка, шырша – елка. 1. Балаларды музыкамен қарсы алу. Ойын: Балалардың әрқайсысына алма ағашының суреті және қиып алынған жеті алма үлестіріледі. Орындалған шығарманы тыңдап, сиқырлы ағаш бұтақтарына алмаларды дыбыс биіктігіне сәйкес орналастырады. Ағашта бейнеленген бұтақтар нота сызықтары, ал алмалар нота ретінде қолданылады. 2. Музыка тыңдау. «Жана жыл» 3. Ән айту. «Аяз ата» «Шырша»Дауыстарын салған балаларды мадақтау. 4. «Летка енка » «Егер саған	Қазақ тілі Міндеті: Отанымыз Қазақстан Республикасы туралы шағын мәтінді, тақпақтарды тыңдап, әңгімелей алады, Отанын құрметтеу керек екендігін меңгерген.Сыни ойлау: «Отан деген не?» Д/О: «Поездбен Қазақстан қалаларына саяхат» Мақсаты:Қазақстан Республикасының басты қалаларын атап, суреттеп, ажырата алады.Шарты:Педагог, балаларды қатар - қатар тұрғызып, поезд вагондары болып Қазақстанның қалалары жазылып тұған аялдамаға тоқтайды. Поезді жүргізушісі мына сөздерді айтады.Пш-пш-пш-пш біз кеттік,Жүрісті біз үдеттік.Гу-гу-гу-гу гуілде,Қалып қойма бірінде.Пш-пш-пш-пш біз кеттік,Жүрісті біз үдеттік. Ойын осылай жалғасады.	Дене шынықтыру. Негізгі қимылдары: қолдарын белінде ұстап,биіктігі 10 см кедергіден аттап өту арқылы тепе-теңдікті сақтай отырып, жолды жүріп өту. Сәкі үстінде төрттағандап еңбектеу. Бір құрсаудан екінші құрсауға секіру. Мақсаты:тепе-теңдікті сақтау дағдысын қалыптастыру. шектелген алаң үстінен жүріп өткенде нық тепе-теңдік пен дене бітімін тік сақтай білуге үйрету. Алақан мен тізені тіреп, сәкі үстінен еңбектеу әдісін бекіту, алға қарай секіруді қайталау. Ептілікті, жылдамдықты, зал кеңістігінде бағдарын айқындай білуді жетілдіру. Ойын: «Қояндар мен қасқыр».Мақсаты: ептілікпен секіруге жаттықтыру, педагогтің нұсқауымен қимыл-қозғалысты орындай білуді жетілдіру	Дене шынықтыру. Негізгі қимылдары: шананы бірде оң қолмен, бірде сол қолмен кезек-кезек сырғанату; Шанамен бі-бірін сырғанату Мақсаты:шанамен сырғанау дағдысын қалыптастыру. сапта жеңіл және бір қарқынмен жүгіре білуді бекіту, қимыл-қозғалыстарды басқа балалармен бірге орындай білуді жетілдіру. Кедергілерді аттап өту кезінде тепе-теңдікті сақтай білуді жетілдіруді жалғастыру, басты және дене бітімін тік ұстай білуді, алға қарауды қалыптастыру. Секіру жаттығуларын жалғастыру, екі аяқпен бір мезетте секіріп түсуге машықтануды жетілдіру. Қазақ тілінен ойын-жаттығу. Міндеті:Қазақстан Республикасының Президенті туралы білімді

		унаса» биін таныс би қимылдарымен билету.			меңгерген, шағын тапқатар, өлеңдер айта алады, түсінеді. Сыни ойлау: « Сен, Президент болсаң не істер едің?» Д\о: «Қазақстан Республикасының туын тап»
Серуенгедайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (коммуникативті дағдыларды дамыту)., өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Бақшаны бақылау; Мақсаты: -қыс мезгіліндегі бақшада болатын өзгерістермен таныстыру; зерттеу қызметіне деген қызығушылықтарын арттыру.Қыстың келуімен бақшалықта қандай өзгерістер пайда болды? ? (барлық жерді қар басты.) өсімдіктер үшін қардың қандай пайдасы бар? (аяз бен желден сақтайтын «көрпе»)бақшалықта қар көп болса, ол-жақсыма, жаман ба? (жақсы, себебі жерде ылғал мол болады)Қар бақшалықтың барлық бөлігінде тегіс жата ма? (жоқ, тегіс жерлерде бірыңғай болады, ал биік жерлер мен ылди жерлерде әртүрлі жиналады) Еңбек: қардан құрылыс тұрғызу. Мақсаты: қардан әртүрлі денелер жасауға үйрету; Достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу. Қимылды ойындар: «Қу түлкі». Мақсаты: балаларды байқампаздыққа, алғырлыққа баулу, тапсырманы дұрыс орындауларын бақылау. (Физикалық дағдыларды дамыту)				
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті)..				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау: қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану, сөйлеспеу, алғыс айту) (мәдени-гигиеналықдағдылар, өзіне-өзіқызмет ету, еңбек әрекеті) Ереже: Тамақ ішер кезде, сөйлемейміз күлмейміз. Астан басқа өзгені, елемейміз, білмейміз. (коммуникативтік іс-әрекет)				
Күндізгі ұйқы	Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюдықалыптастыру. Киім түймелерін, сырмаларынөздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсекорнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)Балалардың тыныш ұйықтауы үшін баяу музыка тыңдау. Қазақхалық ертегілерін оқып беру (коммуникативтік іс-әрекет).				
Біртіндеп ұйқыдан ояту,сауықтыру шаралары	Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі)Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету.(мәдени-гигиеналық дағдылар).				

Бесін ас	Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау) Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Астытауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті) Өз орындарына отыру, тамаққа арналған құралдарды дұрыс пайдалану, ұқыпты тамақтану, астан сон Рахмет айту.	
Балалардың дербес іс-әрекеті ойындар, үстел ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа іс-әрекеттер)	Құрастыру - Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту: Әдемі шырша Мақсаты: Жаңа жыл мерекесіне дайындық ретінде түрлі тәсілдерді пайдаланып қағаздан шыршаны бүктеп, қиып жасай білуге үйрету, қағазбен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру. қағаздан жұмыс жасауда оның түсін, көлемін, пішінін ажырата алу және оны бүктеу арқылы шырша жасай білуге үйрету; қарама-қарсы бұрыштарын теңестіріп, бүктеу ұғымдарын түсіндіру; ұқыпты жұмыс жасай білуге тәрбиелеу.	«Менің мекенім, менің отбасым» Мақсаты: Жануарлар мен олардың балалары туралы, олар мекендейтін жерлер туралы білімдерін нығайту. Балаларға жануарлардың суреті бар үлкен карточкалар және олардың кішкентай балалары бейнеленген шағын карточкалар беріледі. Барлық үлкен карточкалар араластырылады да, «аңның балаларына» өзінің отбасын тауып, «ата-анасының» не екенін және «үйі» қайда екенін айту тапсырылады. Қоян-көжек; қасқыр-шулан-бөлтірік; түлкі-түлкішек-жаутаң; кірпі-ұрғашы кірпі-кірпінің баласы; аю-кірекей-қонжық; тиін-ұрғашы тиін-тиіннің баласы; тышқан мен балалары. Ат-байтал-құлын; қой-саулық қой-қозы; ешкі-теке-лақ; бұқа-сиыр-бұзау; шошқа – торай; қораз-тауық балапан; ит-көндек-күшік.
Балалармен жеке жұмыс	коммуникативтік, ойын әрекеті «Жасыл шырша жанында». Мақсаты: өлең мазмұны бойынша әңгіме құрауға, зат есім, сын есімдерді байланыстырып айтуға тілге тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. балалардың шырша туралы түсініктерін кеңейту. «Жасыл шырша жанында» өлеңімен таныстыра отырып, өлең жолдарының мазмұнын түсіне білу қабілетін дамыту. табиғатты аялауға, әсемдікті көре білуге, сезінуге тәрбиелеу. Алихан, Катя, Нина.	Шығармашылық ойын әрекеттері «Жапалақтап қар жауды». Сюжеттік сурет салу. Мақсаты: Балаларды тіс пастасын пайдаланып сурет салуға ықпал ету. Міндеті: Қоршаған ортаға – үйлерге, заттарға, ағаштарға, жерге қарай қардың қалай әдемі болып түсетіндігін бақылату. Көк түспен әктүстің бір-бірімен үйлесімділігіне көңіл бөлуді үйрету. Таяқшаларды пайдаланып тіс пастасымен қарсалуды үйрету. Табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу. Мухаммед, Айару, Санжар.
Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (коммуникативті әрекет, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).	
Серуен	Бақшаны бақылау; Мақсаты: - қыс мезгіліндегі бақшада болатын өзгерістермен таныстыру; зерттеу қызметіне деген қызығушылықтарын арттыру Қыстың келуімен бақшалықта қандай өзгерістер пайда болды? ? <i>(барлық жерді қар басты.)</i> өсімдіктер үшін қардың қандай пайдасы бар? <i>(аяз бен желден сақтайтын «көрпе»)</i> бақшалықта қар көп болса, ол-жақсыма, жаман ба? <i>(жақсы, себебі жерде ылғал мол болады)</i> Қар бақшалықтың барлық бөлігінде тегіс жата ма? <i>(жоқ, тегіс жерлерде бірыңғай болады, ал биік жерлер мен ылди жерлерде әртүрлі жиналады)</i> Еңбек: қардан құрылыс тұрғызу <i>Мақсаты: қардан әртүрлі денелер жасауға үйрету;</i> Үйге сұранып қоштаса білу. Достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу. Қимылды ойындар: «Қу түлкі».	

	Мақсаты: балаларды байқампаздыққа, алғырлыққа баулу, тапсырманы дұрыс орындауларын бақылау. (Физикалық дағдыларды дамыту)
Балалардың үйіне қайтуы	Ата-аналарға кеңес: «Жаңа жылдық мерекеге дайындық» әңгіме «Суық тиюдің алдын алу» ата-аналарға арналған сауалнама.

Әдіскер: 

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы
Топ: «Күншуақ» ортаңғы топ. Балалар жасы: 3 жастағы балалар
Жоспардың құрылу кезеңі 03- 05 қаңтар 2024 жыл

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі 3.01.2024	Бейсенбі 4.01.2024	Жұма 5.01.2024
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	"Ұйқы жетіспеушілігінің зияны" тақырыбында ата-аналармен әңгімелесу; балалардың үйде күн тәртібін сақтауларын және уақтылы ұйықтау керектігін талап ету.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимыл -ды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)			Зейінді дамытуға арналған жаттығу. "Қимылдарды қайталаймыз". Мақсат-міндеттер. Аталған ойынның тағы бір нұсқасы. Педагог қандай да бір қимылды көрсетеді, ал балалар біреуінен немесе екеуінен басқа барлық қимылдарды қайталайды. Мысалы, егер жүргізуші қолын жоғары көтерсе, балалар шапалақ ұруы керек; қолдары екі жаққа созылғанда, балалар аяқтарын тыпырлатады. Кім қателессе, сол жүргізуші атанады. (дене шынықтыру)	Зейінді дамытуға арналған жаттығу. "Суреттерді салыстырамыз". Мақсат-міндеттер. Педагог балаларға бір-біріне ұқсас, бірақ біраз өзгешеліктері бар суреттерден айырмашылықтарын табуды ұсынады. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, математика негіздері)	Саусақ жаттығуын айтқызу. Ақшақарлар қалықтап (алақандарды ашу, саусақтарды көрсету), Ұшып барады, асықпай (саусақтармен кезек-кезек жыбырлату). Айналып, оңға ұшып (қолдармен бір жаққа бұраңдау), Айналып, солға ұшып (қолдармен екінші жаққа бұраңдау). Мамықтай жерге түсіп (алақандармен жоғары бұлғап, төмен қарай түсіру), Тыныш жатыр, бізді күтіп (алақандарды үстел басына, тізеге салу). (сөйлеуді дамыту)
Таңертеңгі жаттығу	Жалпы дамыту жаттығулары (сылдырмақтармен). 1. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол төменде. 1.1. Балалар сылдырмақтарын жоғары көтеріп, екі қолымен сылдырлатады. 1.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 4-5 рет қайталанады).				

	2. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол төменде. 2.1. Қолдарын оң жаққа жіберіп, сылдырмақтарды сылдырлатады. 2.2. Бастапқы қалып. 2.3. Қолдарын сол жаққа жіберіп, сылдырмақтарды сылдырлатады. 2.4. Бастапқы қалып. (жаттығу 4 рет қайталанады). 3. Бастапқы қалып: жерде отырады, аяқ алшақ, сылдырмақ ұстаған қолдары екі жанында. 3.1. аяқтарын жинап, сылдырмақ ұстаған қолдарын жоғары көтеріп, сылдырлатады. 3.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 3 рет қайталанады). 4. Бастапқы қалып: аяқ бірге, дене бос, қол төменде. 4.1. Сылдырмақтарын артында ұстап, бір орында тұрып секіру. 4.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 3 рет қайталанады). (дене шынықтыру)				
Таңғы ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер: мәдени-гигиеналық дағдыларын жетілдіру. Көркем сөз Нан – ардақты адал ас, Кәрі, жас одан аттамас. Ақ дастархан үстінде, Қол жумай оны ұстамас. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.				
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет			Дене шынықтыру Жүру. Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, сапта бір-бірден, екеуден (жүппен) жүру; әртүрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен, "жыланша", шашырап, тапсырмаларды орындай отырып жүру: қол ұстасып, арқаннан ұстап, тоқтап, жартылай отырып, бұрылып, заттарды айналып жүру, еденге қойылған заттардан аттап жүру, жан-жаққа баяу айналу. Ойын. Қасқыр мен қояндар	Дене шынықтыру (Домалату, лақтыру, қағып алу. Заттарды оң және сол қолмен қашықтыққа лақтыру (2,5-5 метр қашықтық), төменнен екі қолмен көлденең нысанаға, оң және сол қолмен (1,5–2 метр қашықтықтан) допты кеуде тұсынан лақтыру, оң және сол қолмен тік нысанаға (нысана биіктігі-1,2 метр) лақтыру (1-1,5 метр қашықтық), аяқтарын алшақ қойып, отырып, 1,5–2 метр қашықтықтан допты бір-	Қазақ тілі Міндеті: Өздері тұратын қаласын атауларын дұрыс айтуды меңгерге Отанына, туған жеріне деген жылы сезімдері қалыптасқан, қазақ тілін дыбыстарды дұрыс айтуға машықт Сыни ойлау: «Менің кіші Отаны не?» Дү о: «Поезд» (Педагогтің жетек. жүрг. ойын) Мақсаты:Балалар, Қазақстан Республикасының қалалары, кен - байлықтары жөніндегі біліктіліктерді меңгерген, сурет бойынша шағын мәтін құрап айта алу дағдылары

				біріне, заттардың арасымен, қақпаға домалату. Допты жоғары лақтыру, төмен - еденге (жерге) соғу, қағып алу.	қалыптасқан. Шарты: Педагог, қалалардың суреттерін іледі. Балалар сол суреттердің ішінен қалаларға тиісті кен орындары мен байлықтарының суреттерін жапсырады. (Алма, күріш, көмір, мұнай, мал, бидай т.б).
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен			Қардың тереңдігін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Жұмбақ. Көктен түсіп көбейді, Ұқсайды өзі шекерге, Бірақ ешкім жемейді, Жерде жатыр бекерге. Ол не? (Қар). Бақылау: балалардың көңілін ауланың қай жерлерінде қалың қар жатқанына аудару, қардың қаншалықты терең екенін білуді ұсыну. Балаларға өлшеуішті көрсету және әр жердегі қар қалыңдығын өлшеу; қалың қарды күрекпен қазып, қардың қалыңдығына назар аудару. Қимылды ойын: «Ақшақарды ізде». (дене шынықтыру) Ептілікті, шапшандықты дамытатын, кеңістікті бағдарлауды қажет ететін, қимыл түрлерін өзгертіп отыратын ойындарға қызықтыру.	Ауа райына қарай қардың өзгеруін байқау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Болжау. Аязды күні қар жауса – күн жылынады. Суықтан қорықпа – суық сумен жуын. Мақал-мәтел. Қыс қандай болса, жаз да осындай. Байқау: жылы күндері жауған қар жабысқақ болады, қар жабысқақ, аққала жасауға ыңғайлы болатынын балаларға түсіндіру, ал аязды күндері қар үгітіліп, құрғап тұрғанда ештеңе жасауға болмайды. Ауа қысымының өзгеруіне байланысты қардың өзгеретінін бақылатып отыру, қардың өзгеру себептерін тереңдете түсіндіру. Қимылды ойын. «Бәйге». (дене шынықтыру) Балаларды әртүрлі жарысқа қатысуға үйрету (кім бұрын жылжиды, кім бұрын озады сол жеңіске жетеді).	Қар басуын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Жұмбақ. Ұстай қалсаң еріп кетер, Әуре болма теріп бекер. (қар) Болжау. Қар түссе - күн жылынады Бақылау: балаларға қардың түсуі жөнінде түсінік беру. Қыста күн бұлттанса қар жауатына туралы айту. Аспаннан жапалақтап қар жауғанын бақылау (ұлпа, ақ, жеңіл). Қар, жүн көрпе секілді жерді қымтайды. Қимылды ойын. «Қармен ойнау». (дене шынықтыру) Балаларды қармен ойнауға үйрету. Нысанаға қарды ата білуге жаттықтыру. Ойын ережесін орындауға дағдыландыру. Еңбек. (еңбек дағдылары) Күректі қолдануды үйрету, ауланы қардан тазарту. Қоғамдық жұмыс уақытында бір-біріне кедергі келтірмеу. Қиыншылықтарды жеңе білу. Өз бетімен ойындар. Тыныш қуанышты жағдайды

			Еңбек. (еңбек дағдылары) Гүлзарды жинастыруды ұйымдастыру. Қар тоқтату жөніндегі пікірді қалыптастыру (қарды тоқтатады, жел сокқанда), қардан кедергілер жасау, тәрбиешіге көмектесу. Тапсырманы орындау, бірлесіп атқаруда кішігірім тәсілдерін қалыптастыру. Өз бетімен ойындар. Өз құрдастарымен 2-3 рольден тұратын ойын ойнағанда, бірлесуге талаптандыру, рөлді бөлу, ойын тәртібін орындау, жалпы ойын шартына сәйкес әрекет ету.	Балаларды достарының жеңісіне жеткеніне қуануға үйрету. Еңбек. Тәрбиешіге қардан жолды тазартуға көмектесуге тарту. (еңбек дағдылары) Тәжірибе. Қардың қасиеттері. 1. Аязды күні қарды қолғаппен алса, ол жабыспайды, шашылады. 2. Қарға су құйсаң, ол мұз болып қатады. Қар дымқыл әрі жабысқақ, болады. Қортынды. Қардың дымқылдығынан қар әдемі тұтас түрде болатындығын байқадық.	қолдауға және ұйымдастыруға талаптандыру; дербестілігін және бастамашылығын көтермелеу.
Серуеннен оралу	Киімдерін ретімен шешіп, шкафтарына бүктеп қоюға қалыптастыру.				
Түскі ас	Ас мәзірімен таныстыру. Балалардың назарын тағамға аудару, олардың адам денсаулығына пайдасын айту,тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге қалыптастыру.				
Күндізгі ұйқы	«Бесік жырын» тыңдату				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Ауыр тастар көтеру. Алақанды жұмып, қолды жартылай көтеріп-түсіру. Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)			"Аңдарға қысқы үйшік". Мақсат-міндеттер. Балалардың жабайы аңдардың қысқы тіршілігі жөнінде білімдерін кеңейту; аңдарға арналған қысқы үйшік бөлшектері туралы түсінік беру; ормандағы аңдардың тіршілік ерекшеліктерімен таныстыру. "Қоян түріп құлағын "саусақ	"Қыс белгілерін ажыратамыз" дидактикалық ойын. Мақсат-міндеттер: балаларды тез ойлауға тәрбиелеу. Барысы: - Балалар, сендермен ойын ойнайтын боламыз. Мына жерде жыл мезгілдеріне тән белгілерін білдіретін суреттер	"Аққаланы құрастыр" үстел ойыны. Мақсат-міндеттер. Балаларды аққаланың денесін үстел бетіне салып құрастыруға ынталандыру; көлемі әртүрлі дөңгелектерді ажыратуға жаттықтыру; жасалған жұмыстың нәтижесіне қуана білу қабілетін дамыту. Педагог әрбір балаға көлемі үш

			жаттығуы. "Көрнекі үйшік" құрылыс ойыны. Текшелерден көрнекі ғимарат құрастыру. (құрастыру)	тұр.Осы белгілердің ішінен қыс мезгілінің белгісін ажыратып алуымыз керек. Балалар суреттерді тез қойып шығады. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)	түрлі ақ түсті дөңгелектерді, көздер, сәбізден мұрын, шелек пішіндерін жинақтап табақшаға салып ұсынады. (сөйлеуді дамыту)
Балалармен жеке жұмыс			Суреттер қарастыру. Мақсат-міндеттер. "Қыс" мезгілінің ерекшеліктері бейнеленген сюжетті суреттерді қарастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Нина Сафина Али Мухаммед	"Қар" тақпағын айтқызу. Мақсат-міндеттер. Бала тілін дамыту. Жауды міне, қар аппақ, Айналаның бәрі аппақ. Жасырыпты жолдарды: Тегістепті орларды. Үстін жауып көлдердің, Бетін бүркеп белдердің. Жастық етіп тауды асқақ Жантайыпты жамбастап. (көркем әдебиет) Дилара, Медина, Айша	Суреттер қарастыру. Мақсат-міндеттер. "Қыс қысығы" тақырыбында сюжетті суреттер қарастыру. Сұрақтар қою және толық жауапты талап ету. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Амир Нурислам Жәңгірхан
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)				
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет) Музыкалық аспаптармен ойындар. Ертеңгілікке дайындық, қыс тақырыбына байланысты әндер. (музыка) Өнер бұрышында қыс мезгілін бояу суреттерін бояту, аққала мүсіндеу және жапсыру жұмыстарын жасау. (шығармашылық дағдылар, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу) Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. (зерттеу іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті) Еркін рөлдік ойындар.				
Балалардың үйге қайтуы			Баланы үйде аяқ киімін оң, теріс деп үйрету.	Ата-анаға кеңес: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	Демалыс күнді жақсы өткізу.

Әдіскер:

Дәт

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Топ: «Күншуақ» ортаңғы топ. Балалар жасы: 3 жастағы балалар Жоспардың құрылу кезеңі 08- 12 қаңтар 2024 жыл

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 8.01.2024	Сейсенбі 9.01.2024	Сәрсенбі 10.01.2024	Бейсенбі 11.01.2024	Жұма 12.01.2024
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	"Ұйқы жетіспеушілігінің зияны" тақырыбында ата-аналармен әңгімелесу; балалардың үйде күн тәртібін сақтауларын және уақтылы ұйықтау керектігін талап ету.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимыл -ды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	"Кім шақырғанын тап" сөздік ойыны. Мақсат-міндеттер. Дидактикалық міндеті: есту анализаторын жаттықтыру, зейін және есту қабілеттерін дамыту, балалардың өз құрбы-құрдастарымен бірігіп ойнауға, достық қатынас орнатуға тәрбиелеу. Ойын ережесі: балаларға қарамай кім шақырғанын тек дауыс бойынша табу, оның атын дұрыс атау. Дауысын өзгертпей, атын қатты айту. Ойын әрекеті: кім шақырғанын іздеу. (сөйлеуді дамыту)	Суреттер қарастыру. Мақсат-міндеттер: "Қыс қызығы" тақырыбында сюжетті суреттер қарастыру. Сұрақтар қою және толық жауапты талап ету. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, қазақ тілі)	"Жұп суреттер" үстел үсті ойыны. Мақсат-міндеттер. Балалардың байқағыштығын, суретте бейнеленген заттардың ұқсастығы мен айырмашылығын таба білу іскерлігін тәрбиелеу; сөздік қорларын жетілдіру: ұқсас, әртүрлі, бірдей. Ойын ережесі: бірдей суреттерді жинау; кім қателеспесе, сол жеңеді. Ойын әрекеттері: бірдей суреттерді іздеу. (танымдық дағдылар)	"Не артық?" үстел үсті ойыны. Мақсат-міндеттер. Дидактикалық міндеті: балаларды заттарды қолданудағы қателерді көре білуге үйрету; байқағыштығын, өз пікірінің дұрыстығын дәлелдей білу іскерлігін дамыту; еңбек құралдары туралы білімдерін бекіту. Ойын ережесі: артық суреттің ғана бетін жабу; қажетсіз затты кім тапса, сол жеңеді. Ойын әрекеттері: қажетсіз затты табу және оны ақ қағазбен жабу. (сөйлеуді дамыту, танымдық дағды)	Санамақтар айтқызу. "Кел, санайық санамақ" Бір, екі, үш, Бір, екі, үш, Ал, кәнеки, үш. Төрт, бес, алты, жеті, Төрт, бес, алты, жеті, Мынау - ауыл шеті. Сегіз, тоғыз, он, Сегіз, тоғыз, он, Ал, кәнеки, қон. Асықпа да саспа, Бірден қайта баста. (сөйлеуді дамыту, математика негіздері)
Танертеңгі жаттығу	Жалпы дамыту жаттығулары (сылдырмақтармен). 1. Бастапқы қалып: аяқ алшак, дене тік, қол төменде. 1.1. Балалар сылдырмақтарын жоғары көтеріп, екі қолымен сылдырлатады. 1.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 4-5 рет қайталанады). 2. Бастапқы қалып: аяқ алшак, дене тік, қол төменде. 2.1. Қолдарын оң жаққа жіберіп, сылдырмақтарды сылдырлатады. 2.2. Бастапқы қалып. 2.3. Қолдарын сол жаққа жіберіп, сылдырмақтарды сылдырлатады. 2.4. Бастапқы қалып. (жаттығу 4 рет қайталанады). 3. Бастапқы қалып: жерде отырады, аяқ алшак, сылдырмақ ұстаған қолдары екі жанында. 3.1. аяқтарын жинап, сылдырмақ ұстаған қолдарын жоғары көтеріп, сылдырлатады.				

	3.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 3 рет қайталанады). 4. Бастапқы қалып: аяқ бірге, дене бос, қол төменде. 4.1. Сылдырмақтарын артында ұстап, бір орында тұрып секіру. 4.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 3 рет қайталанады). (дене шынықтыру)				
Таңғы ас	Гигиеналық дағдылар Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемей. Мақсат-міндеттер: өзін-өзі күту, тамақтану, арақатынасу мәдениеті негіздерін дамыту. Асты-шашпай төкпей іш, Сораптамай баппен іш. Келген асты алдына Тауысып іш қалдырма. Тәрбиеші балалардың үстел үстінде дұрыс отыруларын қадағалайды. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Шаттық шеңбер Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Бақыт толы шеңберге, Шаттық толы шеңберге Қол ұстасып келдік біз, Жан достармыз енді біз. (сөйлеуді дамыту)				
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру "Ақшақарлар билейді". Мақсат-міндеттер. Балалардың сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; қойылған заттардың арасымен "жылан" тәрізді еңбектеу дағдысын жетілдіру; бір жағы 20-30 см биік қиғаш тақтайдың үстімен жүруге үйрету.	Музыка Баспалдақпен жоғары шығу және төмен түсу арқылы әуеннің бағытын дауыспен айтуға үйрету. Жануарлардың суретін қолдана отырып, балаларды олардың жүрісін, қимылын, дыбыстауын көрсете білуге, шығармашылыққа баулу. Билингвальный компонент: коян - заяц, бақа - лягушка, күшік – шенок, жүгіреді-бегаает, секіреді -прыгает 1. Балалар музыка залына қолдарына жалауша алып көңілді маршпен кіреді. Балаларға үйшіктің және коян, балапан, бақа, күшік, т.б. суреттері ұсынылады. 2. Ән айту «Сұр коян». 3. Дидактикалық ойын. «Жанурлар». Жануарлардың суретін қолдана отырып, балаларды олардың жүрісін, қимылын,	Қазақ тілі «Қыс бізбен қар атысып ойнайды». Қыс жыл мезгілі Мақсат-міндеттер. Қар туралы шағын өлең жолдарын қайталап оқу, сөздерді анықтап айтуды үйрету; жақсы көңіл күйлерін білдіруді үйрету. Қазақ тілін түсінуді, «қыс» сөзімен қарапайым сөз тіркестерін жасауды, сәйкесінше, сын есімдердің жалғауларын өзгертуді үйрету.	Дене шынықтыру «Ақшақарлар секілді билейміз». Мақсат-міндеттер. Балаларда сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; қойылған заттардың арасымен «жылан» тәрізді еңбектеу дағдысын жетілдіру; бір жағы 20-30 см биік қиғаш тақтайдың үстімен жүру	Дене шынықтыру «Әдемі билейміз». Мақсат-міндеттер. Балаларда еденге тігінен тұрған құрсаудан еңбектеуге үйрету; еңбектеу кезінде епті болуға тәрбиелеу; арқан бойымен жүру кезінде тепе-теңдікті сақтау дағдыларын қалыптастыру; сап түзеп шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын жетілдіру.

		дыбыстауын көрсете білуге, шығармашылыққа баулу. Музыка жетекшісі «Жоғарыға шығымын» деп әндетеді. Балалар әуенді қайталап, өздері қалаған суретін басқышпен жоғарыға жүргізеді. Үйшікке жақындап, «Қандай ғажап үйшік?» деп әндетеді. Келесі кезекте терезеден сурет көрсетіліп, балалар әуенді тыңдап, сәйкес келетін аңдардың, жануарлардың, балапанның, бақаның, т.б. суреттерін басқыштармен жүргізіп, үйшікке кіргізеді. Балалар терезеден көрінген суретке қарап, олардың қимыл-қозғалысын салып көрсетеді.		іскерліктерін дамыту.	
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бөтенкесін реттілікпен киюін қадағалау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
	- Балалар торғайлар қалай қимылдайды? Көрсетіндерші. Педагог балаларға торғайлар сияқты қанаттарын (қолдарын) жан-жаққа жайып, бұлғауды көрсетеді. - Жарайсыңдар! - Балалар торғайлар жолға отырып, жемді шоқиды. - Қалай шоқитынын көрсетейікші. Педагог балаларға торғайлардың шоқайып отырып жем шоқығанын, саусақтарымен тізесіне соққылап көрсетеді. - Жарайсыңдар! Педагог балалардың қимылдарын көркем сөзбен сүйемелдейді, жылжу бағытын реттеп, қадағалап жүреді. - Торғайлар, торғайлар, Ұшыңдар, ұшыңдар! Жолға отырып қоныңдар, Жемді шоқыңдар! Педагог рульді ұстап, автомобильді көрсетеді, алаңда шоқайып отырған балаларға қарай жылжиды. - Автомобиль келе жатыр! Абайлаңдар! Ұшыңдар жан-жаққа: - Ұш, ұш! Ойын екі рет ойнатылады. "Аяқ ұшына тұрып, ақырын жүрейік"	Біз жүреміз топ боп. Ал енді біз жүгірейік, Саптан қалмай, үлгерейік. Жүгір, жүгір, балақай! Саптан қалма, балақай! Жүгіріп болдық, жүрейік, Тыныс алып, үлгерейік. Тыныс алып болайық, Қадам басып, тоқтайық ... Д. Ахметова "Шеңберге дәлде" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларда нысанаға (қарды) дәлдеп ата білу, ептілік, мергенділік қабілеттерін дамыту.	жан-жаққа шашылып жүгіру қабілетін қалыптастыру; ептілікке, жылдамдыққа, шапшандыққа тәрбиелеу. Педагог балалар үшін "тышқандардың інін" белгілеп қояды. - Балалар, сендер тышқандарсыңдар. Тышқандар інде тыныш отырады. Тышқандар аулаға шығып та ойнайды. - Тышқандай қалай жүгіріп ойнады? Көрсетейікші. Тамаша. - Балалар, тышқандар мысықтан қорқады. Мысық шықса - тышқандар інге жүгіріп, тығылады. - Қанекей, орындарымызға барып, отырайықшы. Педагог көркем сөзді қолданады. - Тышқандар інге сыймайды, Тесіктерден сығалайды. Ешкім жоқ болса олар Аулаға шығып ойнайды. Ай-ай-ай! Тышқандар-ай, Жақындайды мысықай! Шеңберден асыңдар, Қашыңдар! Д. Ахметова Соңғы сөздерді айтқанда, педагог ойыншық мысықты қолға ұстап шығарады.	- Жүрейік, жүрейік, Қолды көкке сермейік, Күнге сәлем берейік, Шапалақтап, күлейік. Жаттығу бірнеше рет өткізіледі. Педагог балалардың жүрудегі қауіпсіздігін бақылай жүреді. "Әткеншек" қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберге тұрып, тақпақ сөздеріне сай қимылдай білу қабілетін қалыптастыру. Бір жоғары, бір төмен, Күні бойы тербелем. Әткеншек-ау, әткеншек, Айнала бер бізбенен.	Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру. Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу. "Бері шыға ғой, қоян!" қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Балаларға шеңбер бойымен жүріп, барлығы топтасып, "Бері шыға ғой, қоян!" сөздерін айтып, көрсетілген қимылдарға еліктеу қабілеттерін жетілдіру. Педагог балалардың бірін "Қоян" атап, барлығымен бірге оны шақырады. Шақырылған қоян ортаға шығып, қимылдарды жасайды (педагог үлгіні көрсете алады), балалар қайталайды. - Бері шыға ғой, қоян!
--	--	---	---	---	---

	жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балалардың бір сапта, бір бағытқа қарай аяқ ұшымен жүре білу қабілетін дамыту; аяқ бұлшық еттерін, дене тепе-теңдігін дамыту, тыныс алу мүшелерін жетілдіру.		Балалардың бір-біріне соғылмауын ескеріп, дауыс күшін реттеу керек. Ойын екі рет ойнатылуы мүмкін. "Тегіс жолмен жүреміз" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: алға қарай жылжи отырып, қос аяқпен секіруге жаттықтыру.		Сұр құлақтармен ойна! Былай көрсет, Былай көрсет, Сұр құлақтармен ойна! "Допты (қарды) қағып ал" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды допты екі қолмен ұстауға жаттықтыру; тепе-теңдікті сақтауға, ептілікке баулу.
Серуеннен оралу	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру. Балалардың саппен топқа оралуы, сапта екі-екіден жүру. Киімдерін ретімен шешіп, шкафтарына бүктеп қоюға қалыптастыру.				
Түскі ас	Ас мәзірімен таныстыру. Балалардың назарын тағамға аудару, олардың адам денсаулығына пайдасын айту, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге қалыптастыру. Тағамды асықпай жеу керек. Ас ішер алдында қолынды жуу керек.				
Күндізгі ұйқы	Ұйқыға арналған әуен аудио-ертегі «Әлди –әлди ұйықтайғой» Сөйлеуді дамыту				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Керуеттегі жаттығулар Көзімізді ашайық Аунап, қунап алайық, Ұйқымызды ашайық "Самал жел" - іште жатып, қолдары дене бойында. Бастарын сәл көтеріп, жел соққанын келістіру: "Ф-ф-ф". "Желдің желпуі" - іште жатып, қолдары дене бойында, қолдарын екі жаққа созу. "Жел бұлттарды айдайды" - тізені құшақтап жату. Аяқты құшақтап денемен адына-артына тербелу. (дене шынықтыру)				
Бесін ас	Ас мәзірімен таныстыру. Бір- біріне кедергі жасамай мәдениетті отыруға баулу, балалардың назарын тағамға аудару. Балалардың назарын тағамға аудару.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу	Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу "Не қалай дыбыстайды? [о], [ө] дыбыстары".	Математика негіздерінен ойын-жаттығу "Марғаулар жіппен ойнайды". Мақсат-міндеттер. Балаларды екі	Сурет салудан ойын-жаттығу "Өсімдіктер". Мақсат-міндеттер.	Музыкадан ойын-жаттығу "Тауықтар" биі. Мақсат-міндеттер. Балаларды үй жануарлары	Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу "Жүргіншілер жолы".

әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Мақсат-міндеттер. Балаларды үй жануарларының дыбыстау ерекшеліктерімен, дауысты [о], [ө] дыбыстарының артикуляциясымен таныстыру; үй жануарларының қыстағы тіршілігі жөнінде білімдерін пысықтау. Театрланған қойылым. "Қызыл телпек" ертегісін ағаш ойыншықтар театрын қолдану арқылы сахналау. Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруді және мазмұнын өз бетінше қайталап айтуды үйрету. Сюжетті эмоционалды қабылдауды, кейіпкерлерге жанашырлық танытуды үйрету. (көркем әдебиет) Ұлттық ойын "Қазан" Асықтарды көлденең нысанаға 3 метр қашықтықтан лақтырады. Сөреден 3 метр жерде үлкен қазан тұрады (шеңбер). Белгі бойынша әр топтың ойыншылары асықтарды қазанға лақтырады. Қазанның ішіне көбірек асық түсірген топ жеңеді.	тең не тең емес заттар тобын саны бойынша салыстыруға және теңдестіруге үйрету; заттар жұптарын тұстастыру және беттестіру тәсілдерін қолдану іскерлігін қалыптастыру; заттарды оң (сол) қолымен алып, жолақтың сол жағынан бастап, оң жағына қарай, бір-біреуден салу тәртібіне дағдыландыру; зейінді, қолдың ұсақ моторикасын, қабылдау және ойлау қабілеттерін дамыту. Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу "Кішкентай марғау". Мақсат-міндеттер. Марғау туралы ұғым бере отырып, балалардың қабілеті мен зейінін, тілі мен есте сақтауын және байқампаздығын дамыту. Мысық пен марғау туралы көркем сөздерді пайдалана отырып, сөздік қорын молайту.	Балаларды өзара ұжымдасып шығармашылықта сурет салу тәртібіне үйрету; алдын-ала боршамен салынған өсімдік өскен ыдыс бейнесінен шығып, созылып жатқан үй өсімдіктерінің бұталары бойына жапырақтарды саусақтармен жақпалап, салуға үйрету. "Кім не жейді?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды құстардың қоректенуі туралы білімдерін бекіту; қыстайтын және жыл құстары айырмашылығы туралы білімдерін бекіту; есте сақтауды, зейінді, сөйлеуді дамыту; қыстайтын және жыл құстары туралы түсініктерін кеңейту. Барысы: екі шеңберде әртүрлі тамақ түрлері: тары, дәндер, нан үгіндісі, итмұрын, жидек, қоңыз, құрт, алма суреттері тұрады. Балалардың міндеті - қыстайтын және жыл құстарына азық-түлік бөлу. (қоршаған ортамен танысу)	туралы әндерді тыңдауға және айтуға үйрету; музыканың сипаты мен әннің сөздік мағынасын түсініп айта білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен ырғақты қимылдарды топпен бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау дағдысына жаттықтыру; дыбысты есту қабілеті мен музыкалық аспапты әуенге ілесе отырып, дыбысты дұрыс қайталай білу қабілетін жетілдіру; үй жануарлары жөнінде ұғымдарын кеңейту. "Суретті құрастыр" үстел-үсті ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды тұтас затты жеке бөліктерден құрастыруға жаттықтыру; ерік-жігерін, мақсатқа талпынуын тәрбиелеу. Барысы: қорапта әр түрлі заттар бейнеленген тұтас суреттер болады: жануарлар, өсімдіктер. Екінші қорапта дәл осы суреттер төрт бөлікке бөлініп салынған. Педагог балаларды суреттермен таныстырады. Олар суретте не бейнеленгенін атап айтады. (қазақ тілі, сөйлеуді	Мақсат-міндеттер. Балаларды жүргіншілер жолының маңызымен таныстыра отырып, ақпаратты мұқият тыңдауға үйрету. "Күлкілі маймылдар" театрландырылған ойын. Мақсат-міндеттер: зейінді, бақылауды, реакция жылдамдығын дамыту. Барысы: балалар шашыраңқы тұрады. Олар маймылдар болып ойнайды. Олардың алдындағы бала - хайуанаттар бағына келуші, ол әртүрлі қимылдарды орындайды. "Маймылдар", баланың іс-әрекеттерін қайталайды. (қоршаған ортамен танысу)
--	---	--	---	--	---

				дамыту)	
Балалармен жеке жұмыс	Саусақ жаттығуы. Мақсаты: балалардың қол ұсақ моторикасын, сөйлеу қабілетін, жағымды эмоцияларды дамыту. Мынау орындық – Дем алуға отырдық. Мынау үстел, (сол қолды жұдырыққа түю, үстіңе оң қолдың жұдырығын қою) Асты іше біл. Анау тұрған төсек, (Қолдарды қарама-қарсы қою, бас бармақтардың ұшын бір-біріне тік бұрышта тигізу) Мынау шкаф – қарасақ, (Екі қолды бас жағында қосып ұстау; алақандар біресе қосылып, біресе жан-жаққа ""ашылады"") Киім-кешек жинасақ. (қазақ тілі, сөйлеуді дамыту Таймас, Айша, Хансулу	Жұмбақтар шешу Орақ болып туады, Табақ болып тынады. (Ай) Әлемнің бар екі күзетшісі; Бірі-күндіз тынығады, Бірі-түнде тынығады. (Күн мен ай) Бейнесі суда дірілдейді, Қармаққа бірақ ілінбейді (Ай) Күндіз білінбейді, Түнде күлімдейді. (Жұлдыз) Тек өзі көрінбейді, Адамды тоңдырады Ызғары дірілдетіп, Есіңнен тандырады. (Аяз) Суда қалқиды, Жылыда балқиды. (Мұз)(қазақ тілі, көркем әдебиет) Жәңгірхан Дилара Іңкәр	Сюжетті-рөлдік ойын Мақсат-міндеттер. Құрастырған құрылыспен сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнату. (құрастыру) Архат Медина Мұхаммед Әбдурахман	Санамақ Мақсат-міндеттер. Саусақтарға арналған жаттығу. Бас бармақ -әкем, Балан үйрек – шешем, Ортан түйрек – ағам, Шылдыр шүмек – әпкем, Кішкентай бөбек – мен. Бір үйде біз нешеуміз? Бір үйде біз /бесеуміз/ (қазақ тілі, көркем әдебиет) Айару Амир Нурислам Махаббат	"Сөйлем құрастыру". Мақсат-міндеттер: суреттер бойынша сөздер, сөйлемдер, шағын әңгіме құрастыруға балаларды машықтандыру; байланыстырып сөйлеу қабілетін дамыту. Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы қоршаған орта және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бөтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)				
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Қысқа тапқақтар мен санамақтар, жаңылтпаштарды жатқа айтуды үйрету. Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруді және мазмұнын өз бетінше қайталап айтуды үйрету. Сюжетті эмоционалды қабылдауды, кейіпкерлерге жанашырлық танытуды үйрету. Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгерту, балалардың өздеріне айтылған сөзді, пікірді түсінуін қалыптастыру, алдын ала үйретілген сөйлеу үлгілерін есте сақтап, әңгімелесе білуге баулу. Ойыншықтар мен заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап беруге, оларды жай сөйлемдермен сипаттап айтып беруге баулу. Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша алдымен сұрақтарға жауап беруге, кейіннен өздігінен қайталап айтуға баулу.				

	Музыкалық аспаптармен ойындар. (музыка) Мақсат-міндеттер. Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдауға баулу. Музыкалық жанрлар: ән, би, маршпен таныстыру. Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (музыкалық балға, сылдырмақ, барабан, металлофон, маракас, асатаяқ, тұяқ, сырнай) дыбысталуын ажырата білуді жетілдіру. Музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту: аю қорбандап жүреді, қоян секіреді, құстар ұшады. Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді қалыптастыру; әннің мазмұнын түсіну. Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау. Өнер бұрышында бояу суреттерін бояту, ұлпақар мүсіндеу және жапсыру жұмыстарын жасау. (шығармашылық дағдылар, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу, құрастыру) Мақсат-міндеттер. Бір заттың немесе түрлі заттардың суретін салуды қайталай отырып, қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету, тұтас қағаз парағына бейнені орналастыру, қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстер мен олардың реңктерін (қызғылт, көгілдір, сұр) қолдану. (сурет салу) Құрастырған құрылыспен сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнату. Бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру арқылы өсімдіктерді және жануарларды мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру. Жапсыруда табиғи материалдарды және қағазды түрлендіру әдістерін (жырту, умаждау, бүктеу, қатпарлау) қолдану. Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. (зерттеу іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті) Балаларды геометриялық фигуралармен: үшбұрыш, шаршы, дөңгелекпен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру. (математика негіздері)				
Балалардың үйге қайтуы	Балалардың музыкалық қабілеттері туралы әңгімелесу.	Ата-аналарға кеңес. "Балаларды қалай қуантуға болады?"	Ата-аналарға кеңес. "Мектеп жасына дейінгі балалардың салауатты өмір салтын қалыптастыруда ойын технологияларын қолдану".	Ата-аналармен балалардың жетістігі жайлы айту; апта тақырыбы бойынша сұрақ қою, әңгімелесу.	Ата-аналармен балалардың жетістігі жайлы айту; апта тақырыбы бойынша сұрақ қою, әңгімелесу.

Әдіскер: 

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы
Топ: «Күншуақ» ортаңғы топ. Балалар жасы: 3 жастағы балалар
Жоспардың құрылу кезеңі 05- 09 ақпан 2024 жыл

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен "Балаңызбен қыста серуендеуді қалайша көңілді және пайдалы етуге болады" тақырыбында кеңестер беру; ата-аналарды мазалап жүрген сұрақтарға жауап беру.				
Балалардың дербес	"Пішіндер алқасы"	"Жұп суреттер" үстел үсті	"Еңбек құралдарын	"Мозаика" үстел ойыны.	"Дүкенші" дидактикалық

әрекеті (баяу қимыл - ды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	дамытушы ойыны. Мақсат-міндеттер. Балаларды көрсетілген үлгіге қарап, геометриялық пішіндерден өздеріне де сондай тізбекті құрастыруға ынталандыру; геометриялық пішіндер туралы ұғымдарды тиянақтау, есте сақтау қабілетін, көзбен қабылдау қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; өзі жасаған нәтижені көріп, қуануға үйрету. - Балалар, қазір сендер мына тізбекте пішіндер қалай орналасқанына қарап, өз кілемдеріне солай саласындар. Педагог әрбір балаға бөлек пішіндер тізбегін ұсынады. қызыл үшбұрыш + көк үшбұрыш + сары үшбұрыш + жасыл үшбұрыш қызыл домалақ + көк домалақ + сары домалақ + жасыл домалақ қызыл шаршы + көк шаршы + сары шаршы + жасыл шаршы Педагог әр баланың орындау тәртібін бақылайды. (математика негіздері) "Пішіндер (екінші нұсқа)" атты мультфильмін көру. Мақсат-міндеттер. Балалардың пішіндер туралы ұғымдарының қалыптасуына мүмкіндік жасау, қоршаған заттардың қасиеттерін байқауға қызықтыру. (сөйлеуді дамыту,	ойыны. Мақсат-міндеттер. Дидактикалық міндеті: балалардың байқағыштығын, суретте бейнеленген заттардың ұқсастығы мен айырмашылығын таба білу іскерлігін тәрбиелеу; сөздік қорларын жетілдіру: ұқсас, әртүрлі, бірдей. Ойын ережесі: бірдей суреттерді жинау; кім қателеспесе, сол жеңеді. Ойын әрекеттері: бірдей суреттерді іздеу. (математика негіздері) "Кімнің қолынан не келеді?" сөздік жаттығуы. Мақсат-міндеттер. Балалардың мамандықтар иелері жөніндегі ұғымдарын қалыптастыру, тілін дамыту. - Тағам әзірлейтін кім? Аспаз. Би билейтін кім? Биші. Шеге қағар ... Шебер. Үй салатын... Құрылысшы. Адамды емдейтін... Дәрігер. Зат сататын... Саудагер. Шаш қиятын... Шаштараз. Іске сәт тап, жанталас. Мамандық иелерінің суреттерін көрсетіп отыруға болады. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)	ата" дидактикалық ойын. Мақсат-міндеттер. Кейбір дауыссыз (п-б) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту. Еңбек құралдарының суреттер бойынша атауын атау. (қазақ тілі, сөйлеуді дамыту Еңбек құралдарының суретін бояу. (сурет салу) Балтаның мүсінің жасау. (мүсіндеу)	Мақсат-міндеттер. Балалардың көзбен қабылдау, есте сақтау, ойлау қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Шарты: геометриялық пішіндерден салынған, педагог көрсеткен, қарапайым өрнек кілемшесін салу, педагог көрсеткен үлгігі қарап, мозаика өрнегін құрастыру. Құралдар: шаршы пішінді қатпа қағаздан жасалған кілемшелер, табақшаларда геометриялық пішіндердің жинақтамалары. Педагог баладан қандай пішіндерді қолданып жатқанын сұрастыра алады. (сөйлеуді дамыту, математика негіздері) "Дәрігерге не керек?" дамытушы ойыны. Мақсат-міндеттер: балалардың дәрігер мамандығы туралы түсініктерін тиянақтау, қолданатын құралдарды айтқызып, сөздік қорды жетілдіру; есте сақтау, ойлау, сөйлеуді қабілеттерін дамыту. Құралдары: дәрігер және басқа мамандар қолданатын құрал-заттар немесе кесілген суреттер. Балалар дәрігерге қажет құралдарды іріктеп, атайды,	ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларға мамандықтар туралы түсінік беру. Рольге бөлініп ойнауға үйрету және оларды айыра білуге баулу. (сөйлеуді дамыту) Дүкенші суретін бояу. (сурет салу) "Не артық?" үстел үсті ойыны. Мақсат-міндеттер. Дидактикалық міндеті: балаларды заттарды қолдануда қателерді көре білуге үйрету; байқағыштығын, өз пікірінің дұрыстығын дәлелдей білу іскерлігін дамыту; еңбек құралдары туралы білімдерін бекіту. Ойын ережесі: артық суреттің ғана бетін жабу; қажетсіз затты кім тапса, сол жеңеді. Ойын әрекеттері: қажетсіз затты табу және оны ақ қағазбен жабу. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)
--	--	---	--	--	--

	математика негіздері, музыка)			не үшін қажет екендігін түсіндіруге тырысады. (қазақ тілі, сөйлеуді дамыту)	
Таңертеңгі жаттығу	1. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде. 1.1. Балалар сылдырмақтарын жоғары көтеріп, екі қолымен сылдырлатады. 1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады). 2. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде. 2.1. Қолдарын оң жаққа жіберіп, сылдырмақтарды сылдырлатады. 2.2. Бастапқы қалыпқа келу. 2.3. Қолдарын сол жаққа жіберіп, сылдырмақтарды сылдырлатады. 2.4. Бастапқы қалып (жаттығу 4 рет қайталанады). 3. Бастапқы қалып жерде отырады, аяқ алшақ, сылдырмақ ұстаған қолдары екі жанында. 3.1. аяқтарын жинап, сылдырмақ ұстаған қолдарын жоғары көтеріп, сылдырлатады. 3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады). 4. Бастапқы қалып аяқ бірге, дене бос, қол төменде. 4.1. Сылдырмақтарын артында ұстап, бір орында тұрып секіру. 4.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады). (дене шынықтыру)				
Таңғы ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер. Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету. Дәмді тағам дайын, пай, пай ... Шақырады шебер аспаз апай (ағай) (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Шаттық шеңбері Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Атамнан басталар, Әжеммен қосталар. Отбасым мыналар; Ең жақын адамдар Әкем мен анам бар, Бір туған ағам бар, Бір туған апам бар ... Бәрін жақсы көремін Еркелеймін, еремін! (сөйлеуді дамыту)				
Білім беру ұйымының	Дене шынықтыру	Музыка	Қазақ тілі	Дене шынықтыру	Дене шынықтыру

кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	"Ұшқыш болам самғайтын". Мақсат-міндеттер. Балалардың сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; бір орында тұрып, арқаннан биікке секіріп, жерге табанмен түсуге үйрету.	Міндетті: Көңілді сипаттағы аспапта орындалғанпьесаларды тыңдау, есте сақтау; әуен сипатына үн қату және оның бөліктерінің өзгеруін байқай білугедағдыландыру; әндерді аспаптың сүйемелдеуімен бірге орындай білуге үйрету; жануарлардың қимыл-қозғалысын би қимылдарында көрсетебілу. Билингвальный компонент: қоян - заяц, бақа - лягушка, күшік – щенок, жүгіреді –бегает, секіреді – прыгает. Ән тыңдау. «Қояндар» Е. Тиличеева. Ән айту: «Қыздар ай» Б. Аманжол, Н. Жанаев. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: «Қояндар биі» Ж. Оффенбах. «Қояндар мен аю» («Қояндар маршы»)А. Райымқұлова.	«Ас бөлмесінде қандай заттар болады?». Ыдыстар. Мақсат-міндеттер. «Ыдыс-аяқ» тақырыбындағы сөздерді қазақ тілінде айтуды, сөзде екпінді дұрыс қолдануды; есту зейіні арқылы сөздерді дұрыс атауды үйрету.	"Аэродром". Мақсат-міндеттер. Балаларда әртүрлі бағыттарда, жылдам (10-20 метр) және баяу (50-60сек.) қарқында жүгіру дағдыларын жетілдіру; үлкен допты екі қолмен тордан өткізе лақтыру дағдыларын жетілдіру; сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілеттерін дамыту.	"Солдат болам кезінде". Мақсат-міндеттер. Балаларда әртүрлі бағыттарда жүгіру дағдысын қалыптастыру; тура нысанға оң қолмен тік нысанаға көздеп лақтыруға үйрету; дене шынықтыру жабдықтары мен құралдарын пайдалану қызығушылықтарын арттыру.
Серуенге дайындық	Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Серуен	Қарды бақылау (қардың жауған алқабы). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Балалардың табиғат құбылысы, қарды бақылауға деген қызығушылығын ояту; қардың қайда жатқанына көңіл аударып, айтуға ынталандыру. - Жапалақ қар, Армысың?	Қысқы ауа райын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Балаларға қыс мезгілі жөнінде жалпы ұғымдар беру, қыстың ауа райы бұлтты және ашық, суық болуына көңіл аудару, адамдардың жылы киінгенін байқату; зейінді, ойлау	Қарды бақылау (қардың түсі). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Балалардың табиғат құбылысы қар жайындағы ұғымдарын қалыптастыру, қардың жеңіл мамықтай	Желді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер. Балаларды ағаштың бұталарына қарап, желдің соғуын байқауға үйрету; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу. - Балалар, жел соғып тұрған сияқты ма? - Ағаштардың бұтақтарына қарайықшы.	Күнді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Балаларды күннің аспанда орналасуын және жарқырағанын байқап, қолдарын жайып, жоғары созып, жағымды эмоцияларға бөленуге ынталандыру; күн туралы алғашқы ұғымдарды

	Дүниеде бармысың? Қысқы дала тәуелді, Жау, жау енді! Ұзақ уақыт қалықтар, Жау, жау енді, Мамық қар! Қ. Мырзалиев Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды учаскедегі жемшашарларды жемге толтыруға шақыру. (еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, құстарға қамқорлық жасауға баулу; қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; жағымды эмоцияларды дамыту. "Кім тыныш?" қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Балаларды бір бағытта тыныш жүру әдебіне үйрету, аяқтың табанын толық басып және аяқтың ұшымен жүріп қимылдау дағдыларын қалыптастыру; сигналға сай қозғалуға ынталандыру. - Балалар, ал қазір, аяқтарымызды нық басып, менің соңымнан сайға қарай жүрейік. Сайға қарай адымдаймыз, Түрлі дыбысты тыңдаймыз. Көрейік. Бұл қай бұрыш? Тыңдайық. Тыныш ... Тыныш ... - Қанекей, аяқтың ұшымен тыныш жүрейік ...	кабілетін дамыту. - Балалар, айналаға қараңдаршы. - Иә, айналада қар жатыр. - Аспанамыз сұр (көгілдір). - Бірақ қыста күн суық. - Адамдарға қараңдаршы, жылы киінді. - Біз нені кидік? Балалар жауап бермей жатса да, үстіне көрсете де алады. - Қыс мезгілі. Суықта Қар жауады қалықтап. Қар жауады қалыптап, Аппақ қабықпен қаптап. Қыс мезгілі. Аппақ қала. Ақ көшелер. Ақ сала. Ақ көшелер. Ақ сала. Аулада тұр аққала. Д. Ахметова. Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды сұхбатхана орындықтарын қардан тазалауға шақыру. (еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. "Машиналар жүреді" қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Мақсаты. Балаларды қызыл, жасыл немесе сары түсті таңбалауыштардың біріне сәйкес қимылдарды жасауға үйрету; топтасып, бір-бірімен соғылмай жүре білу	ұшқанын байқату; зейінін, түйсігін дамыту. - Балалар, бәрекелді! - Қараңдаршы, айналада не жатыр? - Иә, бұл - қар. Ақ мақтадай ұлпа қар Жамылыпты қырқалар. Қалың-қалың тоң киіп, Маужырайды шыршалар. <i>Шәймерден Әлдибекұлы.</i> Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды қарды күректермен күреп, жүруге арналған жолдарды жасауға шақыру. Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; жағымды эмоцияларды дамыту. "Қарлы жолдарды басайық" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Балалардың сапта түзу бағытпен жүріп, екі аяқпен секіріп, жүгіріп,	- Жел соғып, бізбен ойнайды, Ағаш-бұтақты шайқайды. Ары-бері шайқайды, "Ш-ш-ш" - деп дыбыстайды. - Желдің дыбысын біз қалай көрсетеміз? - Иә, "ш-ш-ш" дейміз. - Жарайсындар! Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру. (еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу. "Пойыз" қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Балаларды бір сапқа тұрып, бір-бірінен қалмай, бір-біріне соғылмай, ересек бастаған бағытпен жүруді үйрету; өзге балалардың жанында ойын ойнап, жағымды әсерлерге бөлене білу кабілетін дамыту. Педагог балаларды сапқа жинайды. Смартфонға пойыздың сигналы жазылған аудионы тыңдатуға болады. - Балалар, естіп тұрсындар ма? - Иә, бізді пойыз жолға шығуға шақырады. - Қанекей, сапқа жиналайық,	қалыптастыру. Педагог балаларға күннің жерге жарықты шашқаны, жылу беретіні туралы айтып болғаннан кейін, балалармен бірге тақпақ айтып, қимылдарды қосылып жасауға шақырады. Алтын күнге ұқсайық, Қолдарды, кел, созайық. Қолдарымыз - шуақтар, Жайылады жан-жаққа. Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды сұхбатхана орындықтарын қардан тазалауға шақыру. (еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. "Сағаттар" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Балаларды сигналмен белгілі қимылдарды жасауға жаттықтыру; сигнал бойынша сапқа жиналып, педагогтің соңынан жүру дағдыларын жетілдіру, кеңістікті бағдарлауға үйрету; сағаттың жүрісі туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыру, жағымды эмоцияларға бөленуге ынталандыру.
--	---	--	---	---	--

	- Бұл жақта не бар екен? - Тамаша ... Педагог белгілі объектіні тапқандарын айтады, балаларды мақтайды. Жаттығу бірнеше рет өткізіледі, жүру бағыттары ауысады. "Шашылған қарларды (доптарды) жинайық" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды шапшаңдыққа, дәлдікке, қоршаған кеңістікті бағдарлауға баулу, топтастармен тату ойнауға, достыққа тәрбиелеу.	дағдыларын қалыптастыру; жағымды әсерлерге бөленуге тәрбиелеу. Педагог балаларға кезегімен қызыл, сары, және жасыл таңбалауыштарды көрсетіп жатып, белгілі таңбалауышқа сай белгілі қимылдарды жасауды ұсынады: - жасыл таңбалауыш - қолға рульді ұстаған ұқсап, жан-жаққа бағыттап жүгіру; - сары таңбалауыш - орнында тоқтап, шапалақтау, - жасыл таңбалауыш - жерге шоқайып отыру. - Бағдаршамда жасыл шам - Жол ашық, машиналар. Бағдаршамда сары шам - Шапалақта, балалар! Бағдаршамда қызыл шам - Тоқтасын машиналар. Ойын екі рет өткізіледі.	алға жылжу қабілеттерін жетілдіру, тепе-теңдікті сақтау қабілеттерін дамыту, бұлшық еттерін шымыр ету. Педагог балаларды көркем сөзбен қимылдарға ынталандырады. - Алдымызда ұзынша, Жайылып тұр жолақша. Топ-топ етіп басайық, Қадам басып барайық. Секіреміз оп-оп! Біз жүреміз топ боп. Ал енді біз жүгірейік, Саптан қалмай, үлгерейік. Жүгір, жүгір, балақай! Саптан қалма, балақай! Жүгіріп болдық, жүрейік, Тыныс алып, үлгерейік. Тыныс алып болайық, Қадам басып, тоқтайық ... Д. Ахметова "Көпірден өт" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды бір орнынан ұзындыққа екі аяқпен алға секіре білу қабілетін қалыптастыру; тепе-	пойыз болайық. - Ту-ту жүрдік, Ту-ту-у ... Біз алысқа - Ту-ту-у .. Жүр соңымнан - Қалма! Кім өжет жан? Алға! Д. Ахметова "Доптар сияқты секірейік" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды бір орында екі аяқпен сигнал бойынша секіре білу қабілеттерін дамыту; шымырлыққа, шапшаңдыққа, достыққа тәрбиелеу.	Педагог балаларға сағаттың қимылын еркін тұрып орындауға, сигнал бойынша сапқа жиналып, жүруге шақырады. Тақпақты оқи жүреді. <i>"Тик-так".</i> "Тик-так, тик-так," Жүрсін сағат. Біз сағатқа ұқсап, Жүреміз: "тоқ-так". Д. Ахметова Ойын бірнеше рет өткізіледі. "Өз орныңды тап" қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды сапқа (түзу сызық, жіп бойына) сигнал бойынша тізілуге, сигнал бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге дағдыландыру; зейінді болуға, шапшаңдыққа, достыққа тәрбиелеу.
--	--	--	--	---	--

			теңдік, ептілік, көзбен мөлшерлеу сезімдерін дамыту.		
Серуеннен оралу	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру. Балалардың саппен топқа оралуы, сапта екі-екіден жүру. Киімдерін ретімен шешіп, шкафтарына бүктеп қоюға қалыптастыру.				
Түскі ас	Ас мәзірімен таныстыру. Балалардың назарын тағамға аудару, олардың адам денсаулығына пайдасын айту, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге қалыптастыру. Тағамды асықпай жеу керек. Ас ішер алдында қолыңды жуу керек.				
Күндізгі ұйқы	Ұйқыға арналған әуен аудио-ертегі «Әлди –әлди ұйықтайғой» Сөйлеуді дамыту				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. Нүктелі массаж. Суық тиюге және тұмауға қарсы жаттығулар жасау арқылы балалардың денсаулығын нығайту, дене сымбатын жетілдіру, қимыл-қозғалыс дағдыларын дамыту. - Тамағымыз ауырмау үшін, қолымызбен тамағымызды жоғары-төмен уқалау. - Түшкіріп, тұмауратпау үшін, нұсқаушы саусағымызбен танауымыздың екі жағын кезектеп үйкелеу. - Қолымызды маңдайымызға қойып уқалау. - Құлағымыз ауырмау үшін, нұсқаушы және ортаңғы саусағымызбен құлағымызды алдынан және артынан уқалау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)				
Бесін ас	Ас мәзірімен таныстыру. Бір- біріне кедергі жасамай мәдениетті отыруға баулу, балалардың назарын тағамға аудару. Балалардың назарын тағамға аудару. Тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге қалыптастыру.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Сурет салудан ойын-жаттығу "Қуыршаққа тарақ". Мақсат-міндеттер. Балаларды көк қарындаш арқылы көлденең жатқан қағаздың екі жағында тіке сызықты жүргізіп, төменгі шеттерін түзу және доғалы сызықпен қосып, арасын қысқа, түзу, тіке сызықтар қатарымен толтырып, тарақ бейнесін салуға үйрету. Сюжетті-рөлдік ойын: "Шаштараз".	Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу "Етікші". Мақсат-міндеттер. Балаларды "Етікші" ертегісімен таныстыра отырып, оларды көркем шығармашылыққа баулу; ертегі кейіпкерлерінің қимылдары мен сөздерін қайталап айтуға жаттықтыру. "Үй құрылысы" сюжетті-	Математика негіздерінен ойын-жаттығу "Аспазға көмектесейік". Мақсат-міндеттер. Балаларды екі тең не тең емес заттар тобын саны бойынша салыстыруға және теңдестіруге үйрету; заттар жұптарын тұстастыру және беттестіру тәсілдерін қолдану іскерлігін	Мүсіндеуден ойын-жаттығулар "Түймелер". Мақсат-міндеттер. Балалардың киімдер туралы білімдерін жетілдіру, киімді түймемен түймелеудің маңызы туралы түсініктер беру; өзіне-өзі қызмет көрсету негіздерін қалыптастыру. Сюжетті-рөлдік ойын: "Емхана". Мақсат-міндеттер:	Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу "Орманшының аңдары". Мақсат-міндеттер. Орман жануарлары туралы ұғымдарын кеңейте отырып, балалардың қабілеті мен зейінін, тілі мен есте сақтауын және байқампаздығын дамыту. Орман жануарлары туралы көркем сөздерді пайдалана отырып, сөздік қорын молайту.

	Мақсат-міндеттер: балаларды шаштараз кәсібімен таныстыру, қарым-қатынас мәдениетін дамыту, балалардың сөздік қорын кеңейту. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)	рөлдік ойыны. Мақсат-міндеттер: балалардың үй құрылысы жайындағы түсініктерін тиянақтау; қол моторикасын, ой-қиялын дамыту; достық қарым-қатынастарға, еңбекқорлыққа тәрбиелеу. Құралдар. Құрылыс материалдары, қағаз беттері, кара қарындаштар, сызбалар, ойыншық жүк машиналары, құрылысқа қажет ойыншық құралдар (балға, бұрағыш, тістеуік, тағы басқалар). Педагог балалармен құрылысқа қатысатын мамандар жөнінде алдын-ала әңгімелеседі (кірпіш қалаушы, жүргізуші, жүк тасушы). Балалар құрылысқа қажет материалдарды таңдап, өзара кім қандай рөлді атқаратыны туралы келіседі. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)	қалыптастыру; заттарды оң (сол) қолымен алып, жолақтың сол жағынан бастап, оң жағына қарай, бір-біреуден салу тәртібіне дағдыландыру; зейінді, қолдың ұсақ моторикасын, қабылдау және ойлау қабілеттерін дамыту. Сюжетті-рөлдік ойын: "Жүргізуші". Мақсат-міндеттер: жүргізушінің жұмысы туралы білімдер мен дағдыларды бекіту, ойынға деген қызығушылықты дамыту, жүргізушінің жұмысына деген құрметін арттыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)	балалардың рөлдерді қабылдау қабілетін дамыту бойынша медицина қызметінің мәнін ашу, ойынға деген қызығушылықты дамыту, балалардың арасында жағымды қатынастарды қалыптастыру, дәрігердің жұмысын құрметтеуге тәрбиелеу. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, қоршаған ортамен танысу)	Сюжетті-рөлдік ойын: "Жедел жәрдем". Мақсат-міндеттер: балалардың дәрігер, медбике мамандықтарына қызығушылығын ояту; науқасқа деген сезімталдықты, зейінділікті, мейірімділікке, жауап беру, қарым-қатынас мәдениетіне тәрбиелеу. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, қазақ тілі) Қазақ тілінен ойын-жаттығу. «Бұл үйде кімдер тұрады?» Қтбасы мүшелері туралы білімдерін кеңейту.
Балалармен жеке жұмыс	"Танкист" тақпағын айтқызу. Мақсат-міндеттер. Бала тілін дамыту. Қысқа тақпақтар мен санамақтар, жаңылтпаштарды жатқа айтуды үйрету. "Танкист" (Тұрсын Жұртбаев) Танкі мініп, өскенде, Қорғаймын мен елімді.	Санамақ айтқызу. (Ермек Өтетілеуов) Жиналған соң достары, Қазтай өзі басқарды, Қызықты ойын басталды: Бірі болды бақшашы, Екіншісі - егінші, Үшіншісі - бақташы, Төртіншісі - теңізші.	"Пошташы" тақпағын айтқызу. Мақсат-міндеттер. Бала тілін дамыту. Қысқа тақпақтар мен санамақтар, жаңылтпаштарды жатқа айтуды үйрету. "Пошташы" (Ескермес	"Сөйлем құрастыру". Мақсат-міндеттер: суреттер бойынша сөздер, сөйлемдер, шағын әңгіме құрастыруға балаларды машықтандыру; байланыстырып сөйлеу қабілетін дамыту. Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы	"Құрылысшы" тақпағын айтқызу. Мақсат-міндеттер. Қысқа тақпақтар мен санамақтар, жаңылтпаштарды жатқа айтуды үйрету. "Құрылысшы" (Шекербек Садыханов) Қолда темір қалағым,

	Таптамаймын еш жерде Гүлдер менен егінді. (көркем әдебиет) Хансулу Нурислам Іңкәр Мұхаммед	Бесіншісі - балташы, Алтыншысы - аспазшы. Жетіншісі - жылқышы, Сегізіншісі - сырнайшы, Тоғызыншы - тігінші, Оныншысы - орманшы. (қазақ тілі, сөйлеуді дамыту) Архат Медина Санжар	Ескендіров) Күні бойы жол жүріп, Көрген емес болдырып Қайтады үйге, алғысты Қапшығына толтырып. (көркем әдебиет) Жәңгірхан Виолета Айару	кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы мамандық түрлері, мамандықтардың құралдары және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздерменбайыту. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)	Саздан сарай қаладым. Алматыдан аумаытын Әсем қала саламын. (көркем әдебиет) Таймас Адильхан Санжар
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)				
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Қысқа тақпақтар мен санамақтар, жаңылтпаштарды жатқа айтуды үйрету. Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруді және мазмұнын өз бетінше қайталап айтуды үйрету. Сюжетті эмоционалды қабылдауды, кейіпкерлерге жанашырлық танытуды үйрету. Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгерту, балалардың өздеріне айтылған сөзді, пікірді түсінуін қалыптастыру, алдын ала үйретілген сөйлеу үлгілерін есте сақтап, әңгімелесе білуге баулу. Ойыншықтар мен заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап беруге, оларды жай сөйлемдермен сипаттап айтып беруге баулу. Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша алдымен сұрақтарға жауап беруге, кейіннен өздігінен қайталап айтуға баулу. Музыкалық аспаптармен ойындар. (музыка) Мақсат-міндеттер. Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдауға баулу. Музыкалық жанрлар: ән, би, маршпен таныстыру. Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (музыкалық балға, сылдырмақ, барабан, металлофон, маракас, асатаяқ, тұяқ, сырнай) дыбысталуын ажырата білуді жетілдіру. Музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту: аю қорбандап жүреді, қоян секіреді, құстар ұшады. Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді қалыптастыру; әннің мазмұнын түсіну. Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау. Өнер бұрышында бояу суреттерін бояу, ұлпақар мүсіндеу және жапсыру жұмыстарын жасау. (шығармашылық дағдылар, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу, құрастыру)				
Балалардың үйге қайтуы	Балаларды жақсы көңіл-күймен шығарып салу.	Психологтың кеңесі: Үйде баланың үй тапсырмасын қадағалау	Баланы үйде аяқ киімін оң, теріс деп үйрету.	Ата-анаға кеңес: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	Ата-аналарға тапсырма беру, жақсы демалуға тілек білдіру.

Әдіскер: 

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы
Топ: «Күншуақ» ортаңғы топ. Балалар жасы: 3 жастағы балалар
Жоспардың құрылу кезеңі 12- 16 ақпан 2024 жыл

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналарға кеңес. "Отбасындағы сауықтыру шаралары".				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимыл -ды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	"Лото" үстел ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды заттарды топтауға баулу, зейінді, байқауды дамыту. Балалар суреттердің жалпы атаулары бойынша жинайды. Құралдары: ойыншықтар, киім, тамақ және т. б. заттық карточкалар мен топтастыруға арналаған панно-карточкалар. (математика негіздері)	"Ұқсайды – ұқсамайды" заттармен ойналатын ойын. Дидактикалық міндеті: балаларды заттарды салыстыруға түрі, түсі, формасы, көлемі, материалы бойынша ұқсастықтарын байқауға үйрету; байқағыштығын, ойлауын, тілін дамыту. Ойын ережесі: екі затты алып, оның ұқсастықтарын көрсету іскерлігі. Кімді көрсетсе, сол жауап береді. Ойын әрекеттері: ұқсас заттарды іздеу. (сөйлеуді дамыту, математика негіздері, қоршаған ортамен танысу)	"Ақылды көліктер" дидактикалық ойыны. Мақсаты: адамдардың жұмыстарын жеңілтуде көліктердің көмегі туралы балалардың білімдерін бекіту; істейтін қызметтеріне қарай көліктерді топтастыруға, аттарын дұрыс атауға үйрету, сөздік қорларын молайту.	"Біздің көмекшілеріміз не?" үстел-үсті ойыны. Мақсат-міндеттер: ересектердің жұмысын жеңілдететін тұрмыстық заттар туралы балалардың білімдерін бекіту. (сөйлеуді дамыту)	"Би билеген баламыз" жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балалардың жағымды эмоцияларын, дене мүшелерін дамыту.. Жаттығу жасап көреміз, (Адымдау) Қолды көкке көтереміз, (Қолдар жоғары) Түсіріп белге төмен, (Қол белде) Еңкейеміз, еңкейеміз. (Оң-сол жаққа еңкею) Өкше қойып, басамыз, (Оң жақ өкше, адымдау) Өкше қойып, басамыз. (Сол жақ өкше, адымдау) Міне, қандай әдемі, (Қол белде, бас шайқау) Би билеген баламыз. (Шапалақтау) (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)
Таңертеңгі жаттығу	Жалпы дамыту жаттығулары (алақанға шақ текшелермен). 1. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол төменде. 1.1. Балалар қолдарын алға созып, алақандарын ашып, текшелерін көрсетіп "міне" деген сөзді айтады. 1.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 4-5 рет қайталанады). 2. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, текше ұстаған қол көкірек тұсында.				

	2.1. Оңға бұрылып, қолдарын созып, текшелерін көрсетіп "міне" деген сөзді айтады. 2.2. Бастапқы қалып. (дәл осы жаттығу сол жаққа және 4 рет қайталанады). 3.Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене бос, қол төменде. 3.1. Жерге отырып, қолдарын алға созып "міне" деген сөзді айтады. 3.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 3 рет қайталанады). 4. Бастапқы қалып: аяқ бірге, дене бос, текше ұстаған қол көкірек тұсында. 4.1. Бір орында тұрып секіру, екі қолды көкірек тұсында ұстап, алақандарын жұму. 4.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 3 рет қайталанады). (дене шынықтыру)				
Таңғы ас	Нан қиқымын шашпандар, Жерде жатса баспандар. Теріп алып, қастерлеп Торғайларға тастандар. Сөйлеуді дамыту «Ас адамның арқауы» Мақсаты: Балаларға аспазшының жұмысымен таныстыру, сұрақ-жауап				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Шаттық шеңбері Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Арайлап таң атты, Алтын сәуле таратты. Жарқырады күніміз. Жарқырайды даламыз. Қайырлы таң, Қайырлы күн, балалар! (сөйлеуді дамыту)				
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру "Үш аяқты тұлпарым (велосипед)". Мақсат-міндеттер. Балалардың сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; отырған күйінде екі аяқтың арасынан допты домалатып, орнынан тұрып, қуып жетуге үйрету;	Музыка Міндетті: Пьесаның көңілді мазмұнына эмоциялық көңіл күй таныта білуге, музыкалық сүйемелдеумен бір қарқында ән салуға баулу; жұптаса отырып ырғақты сезіне би қимылдарын орындауға үйрету.	Қазақ тілі "Тұрмыстық техника" . Қауіпсіздік сақтау. Мақсат-міндеттер. Тұрмыстық техниканың түрлері туралы, тұрмыстық техниканың мақсаты туралы білімді бекіту, оларды мақсатына қарай ажыратуды үйрету: үтікпен киім үтіктейді, шаңсорғыш шаң жинайды, кір жуу машинасымен кір жуылады	Дене шынықтыру "Велоипед теуіп көрдіңдер ме?" Мақсат-міндеттер. Балаларда екі аяқтың арасынан допды домалатып, орнынан тұрып қуып жету жаттығуын және қойылған заттар арасынан "кірпі" секілді төрт тағандап жүру техникаларын	Дене шынықтыру "Велосипедтер зырылдайды". Мақсат-міндеттер. Балалардың сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілеттерін жетілдіру; көлденең қойылған нысанаға затты лақтыруды үйрету; балаларды зерек болуға

	қойылған заттардың арасынан "жылан" жүріспен жүруге жаттықтыру.	Музыкалық қабілеттерін әрі қарай дамыту. Билингвальный компонент: әлди әлди - баю баю, қуыршақ - кукла, ойнаймыз – играем. Музыка тыңдау: «Полька» Б. Сметана. Ән айту: «Ақ мамам» Ә. Бейсеуов, Н. Жанаев. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: «Көңілді би» Ө. Байділдаев. «Кім епті?» Н. Ладухин.	және тағы басқа. Электр құрылғылары және қауіпсіздік ережелерін бекіту.	бекіту; гимнастикалық шеңбердің арасынан өту іскерліктерін дамыту	және бір-біріне қажетіне қарай көмек беруге үйрету.
Серуенге дайындық	Балалардың серуенге деген қызығушылықтарын туғызу, балалармен жеке әңгімелесу. Серуенге ойын құралдарын дайындау.				
Серуен	Адамның жүру және секіру қимылдарын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер. Балалардың назарын адамның жүру, секіру қимылдарының ерекшеліктеріне аудару; жүруде адам аяқтарын кезек көтеріп, қадам басып жатқанын, секіруде екі аяқтармен бірге секіретінін байқату; қимылды жаттығулардан жағымды әсер алуға тәрбиелеу. - Кел, балақай, қатарға, Біз шығамыз сапарға. Сап түзеп, алға жүріп, Көңілді шапалақ соғып. - Алақай! Алақай!	Бағдаршамды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Балаларға бағдаршам туралы ұғым беру, бағдаршамның түсі үш түрлі шамдарының кезегімен жанып, көше қозғалысына әсер етететінін байқату; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу. Егер жақын көшеде бағдаршам көрінбей жатса немесе бағдаршам болмаса, педагог бағдаршамның пішінін немесе суретін көрсетуі	Ауладағы құстарды бақылау (шығаратын дыбыстары). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер. Балаларды құстардың шикылдаған дыбыстарын тыңдауға ынталандыру; құстардың дыбыстарына еліктеуге үйрету. - Балалар, тыныш тұрайықшы. Естіп тұрсыңдар ма? Бұл нелердің дыбыстары шығады? Біреу "шиық-шиық" деген дыбыстарды шығарады. - Иә, бұл құстар шикылдайды. - Құстар ұксап	Жүргіншілерді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер. Балалардың назарын көшеде өткен адамдардың қимылдарына аудару, ересек адамдар мен кіші жастағы (баланы) ажыратуға үйрету; адамның дене мүшелері жайында алғашқы ұғымдар беру; топтастармен жағымды эмоцияларға бөлене білу қабілетін арттыру. - Балалар, көшеде сендер кімдерді көріп тұрсыңдар? Атаңдаршы? Балалар ағай, апай, бала деп атауы мүмкін. - Жарайсыңдар!	"Қырауды бақылау." (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер: балаларға қыраудың қалай болатынын айтып кету. Қырау түскен ағаштарды бақылау. Темір затқа үрлеп көрейік. Оған қырау түсті, біздің буымыз суықтан қырауға айналды. Сонымен қырау бұл кәдімгі бу, ол әйнек шынысына, ағаш бұтақтарына, басқа заттарға қатып, қырауға айналған. Қырау күннің ашық кезінде пайда болады.


